

ҚАЛА МЕН САЛА

ГАЗДАНДЫРУ ҚАЛАЙ ЖҮРІП ЖАТЫР?


4-БЕТТЕ



МӘСЕЛЕ

КАСПИЙ НЕГЕ ҚОЛЖЕТІМСІЗ?!

5-БЕТТЕ



РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ

ӨРКЕНИЕТ ЖӘНЕ ОТЫРАРЛЫҚТАР

8-9-БЕТТЕРДЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ASTANA



№99 (4068) | Сенбі | 22 тамыз 2020 жыл

AQSHAMY

Кеше еліміздегі мектептерде жалпыреспубликалық ата-аналар жиналысы алғаш рет онлайн режимде өтті. Жиын барысында сынып жетекшілері оқушылардың ата-аналарына қазіргі эпидемиологиялық жағдайда мектептің қандай оқыту форматын таңдағанын түсіндірді.

Еліміз бойынша жаңа оқу жылы қашықтан білім беру форматында басталатыны белгілі. Алайда ата-аналардың тілектері мен өтініштері бойынша бастауыш сынып оқушылары мектепке барып «кезекші сыныпта» оқи алады. Жалпы, онлайн оқуға оқушылар дайын ба, құрал-жабдықтар, әсіресе, компьютерлер, интернет барлық оқушыға қолжетімді бола ма? Жаңа оқу жылына дайындық барысында осындай өзекті мәселелер қалай шешімін тауып жатыр?

(Соңы 2-бетте)



ТАҒЫ ДА ҮЙДЕ ОТЫРЫП ОҚИ МА ЕКЕН?

«Nur Otan» партиясы Саяси кеңесі бюросының отырысы 25 тамызда өтетін болды.

«Nur Otan» партиясы Саяси кеңесі бюросының 24 тамызға белгіленген отырысы 25 тамызға ауыстырылды» деп жазды Twitter парақшасында «Nur Otan» партиясы төрағасының бірінші орынба-

сары Бауыржан Байбек. Еске сала кетейік, 17 тамызда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Nur Otan» Саяси кеңесі бюросының отырысын шақыру туралы қаулыға қол қойған болатын.

Жексенбіде автобустар жүрмейді.

Нұр-Сұлтан қаласының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысына сәйкес жексенбі күні, 23 тамызда қаладағы қоғамдық көлік жұмысы уақытша тоқтатылады. Қауіпсіздікті сақтау мақсатында автобустар мен автопарктерде ауқымды дезинфекциялық

жұмыстар жүргізіледі. Бүгін (22 тамызда) қоғамдық көлік қалыпты жұмыс істейді. Еске сала кетейік, жүргізушілер де соңғы аялдамаларда ылғалды тазалау жасайды.


24 тамыздан бастап қоғамдық көлік қалыпты жұмыс тәртібіне көшеді.

«Астана жастары» жастар ресурстық орталығы елорда блогерлерін қолдау бойынша жобаны іске қосады.

NS start дебюттік жобасы аясында 300-ден аса адамды SMM дағдыларына үйрету жоспарланып отыр.

Үш айға созылатын оқыту курстарында шеберлік сабақтары өткізіліп, қатысушылар әлеуметтік желілерді жүргізу бойынша кеңестер алады.

Қазіргі уақытта қатысушыларды қабылдау жүруде. Үміткерлерге эссе түрінде шағын шығармашылық тапсырма орындап, бейне-презентация дайындауы қажет. Қоғамда резонанс тудырған мәселелер бойынша жасалған жұмыстар да қабылданады.



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 468.66 \$ USD/KZT 412.55 ₸ RUB/KZT 5.79 ¥ CNY/KZT 58.80

www.astana-akshamy.kz





МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ СЕНАТ ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаевты қабылдады.

Президент Сенат спикерімен Парламенттің жаңа сессиясының ашылуына дайындық мәселелерін талқылады. Сондай-ақ Президентке Жоғарғы Палатаның өткен сессиядағы заң шығару қызметінің негізгі қорытындылары туралы ақпарат берілді.

Сенат Төрағасының айтуынша, депутаттық корпус саяси реформалардың жиынтығын заң тұрғысынан толық қамтамасыз етті. Халық денсаулығы, педагог мәртебесі, ардагерлер туралы маңызды заңдар және пандемия кезінде азаматтар мен бизнесті қолдауға

бағытталған түзетулер жан-жақты пысықталып, қабылданды. Алдағы сессия барысында Сенат қызметі Қазақстанда дағдарыстан кейінгі кезеңде дамыту стратегиясын іске асыруға бағытталады.

Мәулен Әшімбаев Қасым-Жомарт Тоқаевқа өткен Сенат депутаттарын сайлаудың қорытындылары, сенаторлардың өңірлерге сапары және ағымдағы қызметі туралы мәлімет берді.

Мемлекет басшысы экономикалық өсімді қайта қалпына келтіруге және халықтың тұрмыс сапасын көтеруге бағытталған бастамаларды заң тұрғы-

сынан сапалы және жедел іске асыру қажет екенін айтты.

Президент Сенаттың рөлі әрбір заңнаманы жіті пысықтау, сондай-ақ заңдарды қабылдау кезінде мемлекеттің басты ұстанымдарын және жалпы ұлттық мүдделерді қолдау екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлықты жою және тұрғындардың мемлекеттік аппаратқа деген сенімін арттыруға бағытталған жаңа бастамаларды заңмен бекітудің маңыздылығына назар аударды.

ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ КАРАНТИН ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛЕДІ

ҚР бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысына сәйкес 17 тамыздан бастап елімізде карантин шаралары жеңілдетіліп, бірқатар кәсіпкерлік нысанның жұмысына қайта рұқсат берілді. Алайда карантиндік шектеулер демалыс күндері сақталатын болды.

22 және 23 тамыз күндері сақталатын шектеулер:

– қоғамдық көлік қозғалысына;

– 65 жастан асқан адамдардың көшеге шығуына;

– сауда, ойын-сауық орталықтары (ондағы азық-түлік супермаркеттері мен дәріханаларды қоспағанда), сауда үйлерінің, сауда желілерінің жұмысына;

– азық-түлік емес және азық-түлік жабық базарларының жұмысына;

– сұлулық салондары, шаштараздар, СПА-орталықтары, косметологиялық қызмет көрсететін нысандардың жұмысына;

– фитнес-орталықтар мен спорттық-сауықтыру орталықтар, қоғамдық моншалар, сауналардың жұмысына;

– балалар мен ересектерге арналған білім беру орталықтарының, түзету кабинеттерінің жұмысына;

– ашық ауада аттракциондардың жұмысына тыйым салынады.

Сондай-ақ 17 тамыздан карантиннің жеңілдетілуіне қарамастан, бірқатар нысан-

ның қызметіне жұмыс және демалыс күндері де рұқсат берілмеген еді. Атап айтқанда:

– барлардың, түнгі және ойын клубтарының, караоке, фудкорттардың, кинотеатрлардың және балалар мен ересектерге арналған басқа да ойын-сауық орындарының жұмысына;

– мәдениет нысандарының, музейлердің қызметіне, конференциялар, көрмелер, форумдар өткізуге;

– ойын-сауық, спорттық, отбасылық, естелік, салтанатты және басқа да бұқаралық іс-шараларды өткізуге, сонымен қатар үйде өткізуге;

– бассейндер, қалалық және қоғамдық жағажайлар, ашық аквапарктердің жұмысына;

– діни нысандардың жұмысына;

– қала маңындағы жолаушылар пойыздарының/электричкалардың қозғалысына, жұмыс пойыздарын, қалааралық автобустарды/микроавтобустарды қоспағанда, ортақ вагондарды құруға тыйым салынады.

ТАҒЫ ДА ҮЙДЕ ОТЫРЫП ОҚИ МА ЕКЕН?

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Кезекші сыныпқа» қабылдау 25 тамызда басталады

Жаңа оқу жылында мектепке баратын оқушылар мен мұғалімдердің дене қызуы күн сайын өлшенетін болады. Кезекші сыныпта созылмалы аурулары жоқ балалар ғана білім ала алады (өтініште көрсетіледі). Бір сыныпта оқушы саны 15-тен аспайтын болады. Өтініштерді сынып жетекшілері қолжетімді байланыс құралдары арқылы қабылдайды. «Кезекші сыныпқа» қабылдау 25 тамызда басталады. Бұдан бөлек, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы қолайлы ауылдық елді мекендерде оқу процесі санитарлық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, дәстүрлі форматта жүргізілетін болады.

Ата-аналар балаларды мектепке алып келіп, үйіне өзі алып кетуі керек. Кезекші сыныптарда сабақтың ұзақтығы 40 минутты құрайтын болады. Сабақтар арасындағы үзілістер әр сыныпқа әртүрлі уақытта беріледі. Әрбір екінші сабақтан кейін кабинеттерде және әр үзілістен кейін, ауысымдар арасында, дәліздерде, холдарда ылғалды тазарту жұмыстары жүргізіледі. Мектеп асханасы мен бұфеттің қызметі уақытша тоқтатылды.

Білім беру ұйымдары зарарсыздандыруға арналған құралдармен, аяқ киімді зарарсыздандыруға арналған кілемшелермен, санитаризерлермен қамтамасыз етіледі. Мектеп формасына қойылатын



талаптар жойылмайды, бірақ тиісті бұйрыққа уақытша өзгерістер енгізіледі. Ата-аналар жаңа оқу жылында, яғни 1 қыркүйектен бастап 25 мамырға дейін баласын мектепке мектеп формасымен немесе басқа ыңғайлы киіммен жіберуге қатысты шешімді өзі қабылдайды. Шағын жинақты мектептерде оқитын оқушылардың ата-аналарына да санитарлық шараларды сақтау қажеттілігі туралы айтылды.

Сондай-ақ балалары қашықтан оқитын ата-аналар үшін білім беру платформаларының мүмкіндіктері көрсетілді. Айта кетейік, Білім және ғылым министрлігі қандай да бір білім беру интернет-платформасын таңдауға қатысты шешім қабылдамайды. Әрбір мектеп қашықтан оқытуды ұйымдастыруға негіз болатын

интернет-платформаны өзі таңдайды.

Телеарна негізгі «тақтаға» айналады

Өткен оқу жылының төртінші тоқсанындағыдай, дүйсенбіден жұмаға дейін «Балапан» және «Ел-Арна» республикалық телеарналарында қосымша білім беру ресурсы ретінде пайдалану үшін телесабақтар көрсетілетін болады. Сонымен қатар карантиндік және шектеу шаралары жағдайында 1-11 (12) сыныптарда оқу жетістіктерін бағалау жүйесіне қатысты уақытша өзгерістер енгізілді. Жаңа оқу жылында тоқсан сайын бөлім үшін 1 жиынтық жұмыс және тоқсан үшін 1 жиынтық жұмыс жүргізіледі. Тоқсандық бағалау күнделікті бағалау, БЖБ және ТЖБ көрсеткіштері негізінде шығарылмақ.

ЖАЛДАМАЛЫ ПӘТЕРЛЕР САНЫ КӨБЕЙЕДІ

Нұр-Сұлтанда жұмыс істейтін жастар үшін жалдамалы тұрғын үй бағдарламасын жүзеге асыру жалғаса беретін болды.

Кеше қала әкімі Алтай Көлгінов бірқатар әлеуметтік тұрғын үй құрылысының барысымен танысты. «Бытыр Елбасының тапсырмасына сәйкес жұмыс істейтін жастарға арналған жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасы іске қосылды. Биыл бұл жұмыстарды жалғастырамыз. Оған қатысу үшін құжаттарды жинау басталғанда қосымша хабарлаймыз» деді шаһар басшысы.

А.Көлгінов кеше таңертеңгілік аралау кезінде бірқатар қолжетімді әлеуметтік тұрғын үй құрылыстарымен,

оның ішінде келесі жылдарға арналған жұмыс барысымен танысты. Әлеуметтік тұрғын үйді кезекте тұрғандар (халықтың әлеуметтік әлсіз топтары), «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ салымшылары ала алады. Қолжетімді баспанаға дәрігерлер мен мұғалімдерден басқа әлеуметтік қызметкерлер, полицейлер, мәдениет қайраткерлері және спортшылар үміткер бола алады.

Елордада биыл Президенттің тапсырмасына сәйкес қолжетімді тұрғын үй көлемі үш есе артқан.

АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

■ АЛМАТЫ

Алматы ауданының «Бақытты отбасы» орталығы жанынан әлеуметтік тігін цехы ашылды. Бүгінгі таңда цехқа 15 көпбалалы ана жұмысқа орналастырылды. Тігін шеберханасын ашудың басты мақсаты – әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларын жұмысқа орналастыру.

■ ШЫМКЕНТ

Қалада жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін жаңа жұмыс орындарын құруда «Жұмыспен қамту 2020» жол картасының іске асырылуы оң нәтиже беріп жатыр. Бағдарламаның бірінші бағыты бойынша – инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту есебінен 3196 азаматты тегін кәсіби оқуға жолдау жоспарланған.

■ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Алтын Орданың 750 жылдығы аясында өңірдегі Асанас қалашығында кешенді археологиялық қазба жұмыстары басталды. Облыстық Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы ұйымдастырған қазбаны Қызылорда мемлекеттік университеті жанындағы «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығы жүргізіп жатыр.

■ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Аймақта «Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламасын жүзеге асыру үшін 5 млрд теңге бөлінді. Бөлінген қаржы былтырмен салыстырғанда екі есе көп. Кем дегенде 350 бизнес-жоспарды қолдау жоспарланған. Бағдарлама аясында несие үстемақысын субсидиялау, кепілдіктер, гранттар беру, инфрақұрылымдар жүргізу сынды жұмыстар атқарылуда.

■ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Таразда коронавирус инфекциясынан емделіп шыққандарға арналған оңалту орталығы ашылды. Коронавирус науқастың ағзасына айтарлықтай зиян келтіреді. Пациенттің инфекциялық стационардан емделіп шығуы денсаулығының толық қалпына келгенін білдірмейді. Дәрігерлер де COVID-19 дертін өткен адамға медициналық оңалту қажеттігін айтады.

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ АРТТЫ

Нұр-Сұлтан қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Т.Рахманбердінің төрағалығымен қоғамдық ұйымдардың әлеуметтік саланы жетілдіру, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстардың іске асырылуына байланысты онлайн режимде ашық сұхбат кездесуі өтті.



Бүгінгі таңда Нұр-Сұлтан қаласында белсенді қызмет ететін ұйымдар саны 1885-тен 2594-ке жеткен. Кездесуде қазіргі уақытта елордалық үкіметтік емес ұйымдар мемлекеттік гранттарды орындауда елордалық ұйымдар республика бойынша көш бастап тұрғандығы жеткізілді. 2019 жылы 28 грантты елордалық ұйымдар иеленсе, биыл 30-ға жетті.

Үкіметтік емес ұйымдардың жұмыстары Нұр-Сұлтан қаласының Азаматтық баста-

малар орталығы арқылы біріздендіріліп келеді. Сонымен қатар, бүгінде үкіметтік емес ұйымдар қызметін цифрландыруда арнайы ұйымдарға ортақ құрылған және кері байланыс үшін арнайы www.civilcenterelorda.kz сайты қызмет етеді.

Сұхбат барысында қоғамда әлеумет шиеленісін тудыратын мәселелердің шұғыл алдын алу үшін Нұр-Сұлтан қаласы Азаматтық бастамалар орталығы жанынан мониторинг штабын құру ұсынылды.

СТАРТАПТАР АЛАҢЫНА ЕНГІЗІЛЕДІ

Seedspace Nur-Sultan алаңында Seedspace экожүйесінің қатысушылары Цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасына, сондай-ақ «Астана Innovations» АҚ компаниясына өз стартаптарын ұсынды.

Елорданың зияткерлік әлеуеті маңызды стратегиялық ресурс ретінде қарастырылып, ең перспективалы стартаптар өз жобаларын қала аясында, сондай-ақ әкімдіктің қолдауымен сынап көруге мүмкіндік алатын болады.

Олардың арасында Infinte Bilim жобасының STEM (Science, Technology, Engineering, Math) бойынша қазақ тіліндегі білім онлайн-платформасы, Okoo – бағдарламалауды оқытуды даралауға арналған жасанды интеллект алгоритм-

дері бар онлайн білім беру платформасы, Qmobot – мектептер мен университеттерде студенттерге робототехника, веб-әзірлемелер, «ақылды үй» және интернет заттары туралы білім беруге мүмкіндік беретін, қазақ және орыс тілдерінде оқытылатын курстары бар «Барлығы енгізілген» принципі бойынша пайдалануға дайын білім роботы, InFlux – инновациялық қалпына келтіргіштерді (ауа желдеткіштері) өндіруші, EGISTIC – ауылшаруашылық тауар өндірушілері мен ауылшаруашылық

кеңесшілеріне арналған шаруашылықты басқару жүйесі стартап жобалары бар.

Seedstars халықаралық экожүйесінің бір бөлігі болуды және инвесторлардың, тәлімгерлер мен мамандардың кең серіктестік желісіне қол жеткізгісі келетіндердің барлығына Seedspace Nur-Sultan, Сауран көшесі, 46 («Hilton» қонақүйінің ғимараты) мекенжайына хабарласуды немесе aigerim@seedstars.com, kurmanbayev.d@ain.kz поштасына жазуға болады.

ҚАЙ МАМАНДЫҚҚА СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ?

Елордада сұранысы ең жоғары 17 жұмысшы мамандығы анықталды. Биыл олар бойынша қысқамерзімді тегін курстар өтеді.

2017-2021 жылдарға арналған «Өнімді еңбек пен жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие мамандықтарды оқыту «Атамекен» ҰҚП жанындағы оқу орталықтарында жүргізіледі. Қазіргі уақытта бұл тізімге 80 оқу орталығы кіреді. Оның 54-і – кәсіпорындар, 7-еуі – колледждер, 3-еуі қауымдастықтар жанында орналасса, 16-сы дербес жұмыс істейді.

– Елорда әкімдігі жанындағы жұ-

мыспен қамту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысында осы жылдың жоспары бойынша дайындық жүргізу тізіміне сұранысқа ие мынадай мамандықтар кіріп отыр: аспаз, кондитер, наубайшы, бақылаушы-кассир, тәрбиеші көмекшісі, тігінші, шаштараз, анимация-видеографика, жиһаз жасаушы, ағаш сырлау цехының шебері, электр-газ дәнекерлеуші, электр ұстасы, газ құрал-жабдықтарын құрастыру және жөндеу ұстасы, жарты-

лай автоматтандырылған машинадағы электр дәнекерлеуші, арматураны және монтаждаушы, – деді Нұр-Сұлтан қалалық кәсіпкерлер палатасының директоры Алмат Жүнісов.

Жалпы, 2020 жылы қысқамерзімді кәсіптік оқыту бағдарламасымен елордада 200 адам қамтылатын болады. Білім алатын азаматтарға мемлекет тарапынан шәкіртақы төленіп, оқуын аяқтағаннан кейін жаңа бизнес-идеясын жүзеге асыру үшін грант беріледі.

Нұр-Сұлтан қалалық мәслихаты алтыншы шақырылым депутаттарының және қала тұрғындарының назарына!

2020 жылдың 26 тамызында сағат 10.00-де «Zoom» сервисінің бейнеконференцбайланыс платформасында өтетін Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының VI шақырылымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселе енгізіледі:

1. Қалалық мәслихат депутатының өкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.
2. Нұр-Сұлтан қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуінен тыс жерде) орналастыру қағидаларын бекіту туралы.
3. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жер комиссиясының

құрамы туралы.

4. «Нұр-Сұлтан қаласының аумағында тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 26 қыркүйектегі №430/55-VI шешімінің күші жойылды деп тану туралы.

5. «Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №221/25-VI шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

Анықтама телефондары: 55-66-36, 55-66-37.

М.ШАЙДАРОВ, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м.а.

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...



ЖАРНАМАЛАУДЫҢ ДА ЖӨНІ БАР...

Айгүл УАЙСОВА

Жақсы күндердегі жұма намазынан кейін «Нұр-Астана» мешітінен ағылып өтетін жамағат бірде болмаса бірде «Зиянды құмарлық дүкені» қасынан өтіп бара жатып шамданып қалуы әбден мүмкін-ау. Бұл не екен деп дүкенге кіргендері де бар болар. Мұның қаладағы көп дүкендерден айырмашылығы сол, атына заты сай зиянды құмарлықты әсіре насихаттап, шімірікпей сататындығында. Ол не «құмарлық» дерсіз. Бұл – адамның бойындағы жаман әдет, дер кезінде тоқтау болмаса ауыр індет. Яғни ішімдікке салыну, арақ-құмарлықты жай «құмарлыққа» балап жуасытып, менмұндалап шақырып тұр. Тіпті «құмарлықтың» салдарынан басыңыз ауырып мең-зең болып тұрса, осы дүкеннен бір қырлы стаканмен арақ сатып алып, түк болмағандай әрі қарай жұмысыңызбен жүре бересіз. Қор-қор шегіп те көргіңіз келсе, мархабат! Шылым туралы енді не дейін?! Жаман әдеттің асқынуына мүдделі иесі азанның дауысы дүкенінің ішін жаңғыртып тұрса да тиынын санап әлек. Сол тиын үшін дабырайтып, маңдайшасына «AlcoBrand's» деп жазып, «Зиянды құмарлық дүкені» деп анықтап шегелеп қойыпты.

Бір дүкенге несіне соншалықты ілініп отыр дейсіз ғой. Ішімдік қайда сатылмайды дерсіз. Алайда халқының 70 пайызы мұсылман саналатын, тұс-тұстан мешіт ашып жамағатын жиып отырған елордада алкогольді ішімдіктер дүкендерінің иелері осылайша атауын дабыратып қойып насихаттауы қаншалықты дұрыс? Біз сөз етіп отырған «AlcoBrand's» дүкенінің мына жазуы этикалық нормаға сай ма? Жалпы, кішігірім дүкен, мейрамханалардың атауына келгенде қазақы санаға ерсі емес, қала сәнін кетірмейтін, қалаға қонаққа келгендердің риза болып, өнеге алатындай етіп қою керектігін түгендейтін талаптар қарастырылған негіздеме бар ма?

Айтатыны жоқ, кәсіпкер ашқан дүкенінің атын «атаңның басы» деп атаса да, қала тұрғындарының мүддесін қорғайтын басқарманың нақты ешқандай шара қолдана алмайтынын білеміз. Тіл түзейтін мекеменің қызметкерлері қажет десе ұсыныс айтудан әрі аса алмайды. Кәсіпкердің кемшілігін айтып «мазасыз» жиі алса, олардың прокуратураға арыздануына мүмкіндік беріп қойған.

Жергілікті мәслихат осы мәселеге мән беріп, келелі шешім шығарса, аспандап кеткен астаналық кәсіпкер қиялына ерік бермей, кәсібін бастар алдында әрекетіміз алдымен ұлттық санамызға, құндылықтарымызға қиғаш келіп тұрған жоқ па деп ойланар ма еді...

«МАС ЖҮРГІЗУШІ – ҚЫЛМЫСКЕР!»

Елордада әр демалыс күндері «Мас жүргізуші – қылмыскер!» жедел алдын алу шарасы өтеді. Жалпы, жыл басынан бері мас күйінде көлік жүргізгендердің кесірінен 86 жол-көлік оқиғасы болған.

Қала әкімдігі сайтында мәлім етілгендей, биыл полиция қызметкерлері елордада 356 жүргізушіні мас күйінде көлік жүргізгені үшін ұстаған. Оларға қамауға алу түріндегі әкімшілік жаза қолданылып, 7 жылға жуық адам жұмыс істейді. Тек өткен жылы 14 мың тонна балық ауланды. Биыл Жайық-Каспий бассейнінен көктемгі балық аулауға 7434 тонна квота бөлінді.

Қала әкімдігі сайтында мәлім етілгендей, биыл полиция қызметкерлері елордада 356 жүргізушіні мас күйінде көлік жүргізгені үшін ұстаған. Оларға қамауға алу түріндегі әкімшілік жаза қолданылып, 7 жылға жуық адам жұмыс істейді. Тек өткен жылы 14 мың тонна балық ауланды. Биыл Жайық-Каспий бассейнінен көктемгі балық аулауға 7434 тонна квота бөлінді.

■ АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Аршалы ауданының орталығында жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынып жатыр. Нысанда шағын футбол, баскетбол, волейбол, күрес, жаттығу залдары мен бассейн қарастырылған. Қазіргі кезде нысанға инженерлік желі тарту, ангар құрылысын монтаждау, әкімшілік корпусстың қабырғасын тұрғызу, қазандықты монтаждау жұмыстары аяқталды.

■ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Облыста жүгері мен сояның егіс алқабы 8,9 мың гектарға жетті. Өңірде соя мен жүгерінің егіс алқабын арттыруға бағытталған аймақтық бағдарлама құрылған. Алдағы екі жыл ішінде дөңдік жүгерінің алқабы 15-18 мың гектарға дейін арттырылып, өсімдік шаруашылығы өнімдерінің экспортын көбейту жоспарлануда.

■ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Аймақта жылына 12 млн бекіре шабағын өсіру жоспарланып отыр. Қазір елімізде ауланатын балықтың үштен бір бөлігі Атырау облысына тиесілі. Облыста осы салада 5 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Тек өткен жылы 14 мың тонна балық ауланды. Биыл Жайық-Каспий бассейнінен көктемгі балық аулауға 7434 тонна квота бөлінді.

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

ЕКІ МЫҢҒА ЖУЫҚ АДАМ ЖҰМЫСҚА ТҮРДЫ

» Елорданың Есіл ауданында биыл «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында екі мыңға жуық жұмыс орны құрылды. Яғни осыншама адам жұмыспен қамтылып, абаттандыру, жолдарды салу мен жөндеу, аудан инфрақұрылымына қатысты басқа да маңызды істерге тартылды.

Жалпы алғанда, осы жылы ауданда бес қоғамдық кеңістік абаттандырылып, 20 аула жөнделіп жатыр. Соның ішінде шет аймақтар да бұл жұмыстардан тыс қалған жоқ. Атап айтқанда, «Пригородный», «Үркер» тұрғын алаптарында екі-екіден қоғамдық кеңістіктер ашылды, ал оның біреуі Орталық саябақта пайда болды. Соның ішінде саябақта жалпы ұзындығы 3,5 шақырым жүгіру жолы, воркаут және стритбол алаңдары жөнделіп, жарақаттанудан қорғайтын арнайы жабынды төселді.

– «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы бойынша биыл ауданда басқа жылдармен салыстырғанда көп аула жөнделеді. Қазір ауданда барлығы 408 аула бар. Оның 42-сі жөндеуді қажет етеді. Әрине, оның бәрін осы жылы бірден ретке келтіре алмаймыз. Бұл қаржыландыруға байланысты. Осы жылғы жеке – 20 аула. Қазіргі уақытта атқарылған жұмыстардың сапасына тұрғындар риза. Біз өткен қыста уақытты босқа өткізбей, қай жердегі аулаларды жөндейтінімізді анықтадық. Бұл істе тұрғын-

дардың өтініштері мен тілектерін ескердік. Жобалық-сметалық құжаттама соған сай әзірленді, – дейді Есіл ауданының әкімі Берік Жәкенов.

«Тельман» тұрғын алабының Жайсаң көшесінде осы айда спорт және балалар алаңының құрылысы басталды. «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының тапсырысымен атқарылып жатқан жұмыстар жоспарға сәйкес қазан айында аяқталуы тиіс.

Осы жылы ауданда 10 мың ағаш пен 5 мың көпжылғы көшет отырғызылды. Осы



уақытта ЭКСПО аумағы мен Керей және Жәнібек хандар көшесінде ағаш отырғызудың күзгі науқаны басталды. Соңғы он күнде мұнда 500 ағаш отырғызылды. Жылдың аяғына дейін тағы 3 мыңға жуық ағаш отырғызу жоспарланып отыр.

Төле би және Е49 көшелерінде қыркүйек айының

соңына дейін инженерлік желілердің құрылысы аяқталып, жол салынады. Осы жылы ауданда екі орта мектепті пайдалануға беру жоспарланып отыр. Оның біріншісі Сауран және №24 көшелерінің қиылысында орналасса, екіншісі Қорғалжын тасжолынан оңтүстікке қарай орын тебеді.

Жалпы алғанда, Есіл ауданы қарқынды дамып жатыр. Былтыр осы ауданда 242 мың адам тұрса, қазір тұрғындар саны 278 мың адамға жетті. Яғни бір жылдың ішінде 36 мың адамға артқан. Бір жылда аудан аумағында 120-дан астам көппәтерлі тұрғын үй кешені салынды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ



ГАЗДАНДЫРУ ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТЫР?

» Сарыарқа ауданы аумағында барлығы 540 аула бар. Олардың 77,5 пайызы қанағаттанарлық жағдайда. Биыл 40 аула жөнделіп жатыр. Былтыр ауданда табысты жүзеге асырылған «Бюджетке қатысу» жобасы осы жылы да қолға алынды. Соның аясында 13 ауланы абаттандыру жүргізілуде. Қазіргі уақытта бірқатар ауланы көркейту ісі толығымен аяқталды.

Осы жазда елордаға табиғи газ келді. Бұл жылдың ауыз толтырып айтарлықтай үлкен жаңалығы болды. Бірнеше әлеуметтік нысан мен жеке тұрғын үйлер «көгілдір отынға» қосылып та үлгерді. Жоспар бойынша жақындап қалған жылыту маусымында біраз үй газбен жылытылады. Бұл істің барысы туралы Сарыарқа ауданының әкімі Ерғали Егемберді айтып берді.

Оның айтуынша, газ желісінің ұзындығы 200 шақырымды құрайды. Бүгінде оның жартысынан астамы, яғни 101 шақырымы тартылды. Қазір орамшілік құбырлар тартылуда.

– «Көктал-1» тұрғын алабында барлығы 91 көше бар. Оның 88-іне құбыр тарту аяқталды. «Көктал-2»-де жалпы көшелер саны – 41. Тиісті

жұмыс екі көшеде қалды. «Агроқалашықтағы» 94 көшенің 22-сінде газ желілерін салу жоспарланды. Бір айта кетерлігі, бұл жоба бірнеше жылға арналған. Қазір аталған аумақтарда 10230 жеке тұрғын үй бар. Соның ішінде биыл 5000-нан астам үйді газдандыру жоспарланды. Біз орамшілік құбырларды жүргіземіз. Ал газды көшеден үйіне тұрғындар өз қаржысына тартады. Бұл жұмыс, қажетті қондырғыларды сатып алуды қосқанда, шамамен алғанда 300 мың теңгеден асады. Есептегіш құралдары әкімдік есебінен орнатылады. Техникалық шарттарды беру жұмыстары басталды. Оны алу үшін жұмыс күндері «Көктал-1» тұрғын алабындағы Болашақ көшесі, 4/2 мекенжайына бару керек, – дейді Ерғали Егемберді.

Жалпы алғанда, биыл «Көктал-1» және «Көктал-2», «Агроқалашық», «Промышленный», «Железнодорожный» тұрғын алаптары және «Оңтүстік-Шығыс» ауданының бірқатар үйлері газға қосылып, ЖЭО-1 және ЖЭО-2 газға ауыстырылады.

Өндірістік сектор мен тұрғын алаптарды газдандыру 3 кезеңде жүргізіледі. Екінші кезеңде «Көгілдір отын» «Мичурино», «Интернациональный», «Күйген-жар», «Тельман», «Пригородный» тұрғын алаптары мен Garden Village және Family Village коттедждер қалашықтарына жеткізіледі. Үшінші кезеңде «Ильинка», «Шұбар», «Өндіріс» тұрғын алаптары газдандырылатын болады. Жобаны іске асыру мерзімі 2020-2023 жылдарға жоспарланған.

СПОРТ НЫСАНДАРЫ ЖАҢАРУДА

» Елордада бірнеше спорт нысанында жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Дәулет АСАУОВ

«Толқын» спорт кешенінің шатыры күрделі жөндеуден өтті. «Астана Арена» стадионында футбол алаңдары, киім ауыстыратын бөлмелер мен кіреберістер жаңаруда. Сондай-ақ «Қазақстан» спорт сарайын «ақылды» технологияларды қолдана отырып модернизациялау және пайдалануға беру жобасы жасалып, қазір арнайы құжаттары бекітілуде.

Ал «Қазанат» ипподромы аумағында иппотерапия әдісін қолдана отырып, мүгедек балаларды оңалту үшін ат спорты орталығын салу жұмыстары да қолға алынған. Нысанда 600 орын бар. Жоба жеке қаржылық бастама бойынша мемлекеттік-жекеменшік серік-

тестік аясында жүзеге асырылуда.

Жақын арада IAAF халықаралық жеңіл атлетика федерациялар қауымдастығының талаптарына толық сәйкес, жабық үй-жайларда жеңіл атлетика бойынша халықаралық және республикалық жарыстарды өткізуге арналған жеңіл атлетика спорт кешені пайдалануға беріледі. Бұл нысанның ашылуымен елордада спортшыларды халықаралық жарыстарға, соның ішінде әлем чемпионаттары мен жазғы Олимпиада ойындарына дайындауға арналған заманауи жоғары технологиялық база пайда болады. Сонымен бірге «Ильинка», «Көктал-2», «Өндіріс», «Железнодорожный» тұрғын алаптарында төрт дене шынықтыру-сауықтыру кешендері салынууда.





КАСПИЙ НЕГЕ ҚОЛЖЕТІМСІЗ?!

» Биылғы жазды халқымыз әлемге саяхатсыз өткізді. Тосыннан келген тәжвирустың өлегінен қыдыру жайына қалып, бас амандығын күйттеп кеткен жайымыз бар. Индет іргенді сөгіп жатқанда, қайдағы сауық-сайран дерсің?! Дегенмен жаз маусымын тиімді өткізіп, бір бой жазып келуді дәстүрге айналдырғандар тар қапаста қалғандай күй кешкен секілді. Әрі 4-5 айлық карантиннен қажығандығы тағы бар. Ғаламдық туризмнің төрінде шалқыған «тартымды» елдердің есігі тарс жабық болғандықтан, сырттан серуен іздейтіндер де енді ел ішіндегі ең бір қолайлы демалыс орындарын шама-шарқына қарай шарлап қайтуда. Солардың бірі – тек Ақтаудың ақмаржаны ғана емес, Қазақстанның жалғыз жақұт теңізі – Каспийдегі демалыстың құны мен ондағы қызмет қарымын өлшеп көрдік.

мың теңгеден. Асханасы төменгі қабатында бәріне ортақ. Тамақты өзіңіз әкеп пісіріп жейсіз.

– Мен Каспийге барар едім. Иә, біріншіден, жол алыс шығар. Бірақ барам деген адамға ол кедергі емес деп ойлаймын. Көп адамға қаржылық жағынан қиындау тиімі мүмкін. Себебі Ақтауға барып-келу билеті қымбат тұрады. Жалпы, арзан қала емес қой. Егер денсаулық жағынан, денсаулық күтімі жағынан десе Алакөлді таңдар едім. Ал Ақтау маған «сауық-сайранның ортасы» секілді елестейді. Алакөлге енді үлкен де, кіші де барады дегендей. Бірақ биыл бәрі де қалайын деп тұр, – дейді елордалық Арайлым Бимендиева.

БАҒА ҚЫМБАТ, ҚЫЗМЕТ ОРТАША

Бүгінде елордалық, Маңғыстау топырағынан шыққан белгілі ақын Оңайгүл Тұржан қазіргі демалушылардың бұдан 10-15 жылғыдай емес, талғамы өскен деп санайды. Алысқа баратындар – қаржылық жағдайы бар адамдар, олар талғамына сай сервис жоғары, инфрақұрылымы жақсы жерлерге барғысы келеді, әрі басқа елдің тіршілігін, ел-жұртын көргісі келеді.

– Каспийде демалушыларға жағдай шетелдегідей болу керек. Алдыңғы жылы немерелеріммен «Достық» деген қонақүйге 10 күнге жоспарлап келдік елордадан. Бәрі жақсы, бассейн бар. Бірақ тамағы деген адам жейтін зат емес. Тамақ ішу үшін қалаға келіп жүрдік. Күнде! Оның алдыңғы жылы Антальяда демалғанбыз. Олар таңғы 7-ден түнгі 12-ге дейін тағамның түр-түрін сан алуан етіп, ғажайып дәмді етіп бере береді, әкеле береді. Керемет! Ал Каспийде ондай сервис жоқ, – дейді ол.

Туризм бағыты дұрыс дамымаса, республикалық деңгейде үгіт-насихаттың жетіспегендігі. Мемлекет көлемінде қолдау, осының бәрін реттеп отыратын туризм бойынша ішкі оператор керек. Жергілікті тұрғындардың пікірі де соған саяды.

Жергілікті халықтың тиіп тұрған теңізге түсуі сирек. Өйткені су салқын. Оның

салқын немесе жылы болуы теңіз ағысына байланысты екен. «Табиғи орта» Батыс Қазақстан ҰЕҰ өңірлік ассоциациясының кеңес төрағасы Әділбек Қозыбақовтың да эколог ретінде айтары осы. Каспийдің шынымен де жылытын кездері өте сирек. Онда да тек терең емес таза жағажайлар ғана күннен қызып жылы болады. Екінші мәселе, теңіз жағалай дәретханалар жоқ. Бір-екі жылдықта саммит өткізеді деп салдырған. Бірақ олар тек мейрамдарда іске қосылады. Бұл да туристерді тартуға қиындық туғызады. Жалпы, Каспийде туризмді дамытуға қолайлы жер – Кендірлі шығанағы. Ол жерде су жылы. Бірақ Ақтаудан 200 шақырымда жатқан аймақта орналасқандықтан оған баруды көбі қолай көрмейтін секілді. Әрі ондағы сервис қала маңындағы демалыс орындарынан төмен.

ҚҰСТАРҒА ҚҰШТАРЛАР ҮШІН

– Менің бір ұсынысым бар. Маңғыстауда күзден бастап қыс бойы және көктемде де туризмнің бір түрін дамытуға болады. Ол – құстарды бақылаушыларды тарту. Бұл сала шетелде жақсы дамыған. Құстарға қызығатын адамдар болады. Бізде Ақтау қаласы аумағында Қаракөл деген жасанды көл бар. Сол көлге күзде және көктемде жыл құстары ұшып өтіп бара жатып, біраз аялдайды. Кейбір құстар қыстап шығады. Себебі мұндағы су теңіз

суынан жылы болады және таяз. Аққу, қоқиқаз, үйректің неше түрлері, қарабай деген құс, кей деректерде тағы да басқа құстардың 175-ке жуық түрлері осы көлде болады. Оның ішінде 28 құстың түрі Қызыл кітапқа енгізілген. Бұл да туристер тартуға жақсы мүмкіндік. Көнге апаратын тасжол бар. Көлдін екі шетінен құстарды бақылайтын мұнаралар салса, болашақта сол жерде сулы батпақты орталығын ашса болар еді, – дейді Ә.Қозыбақов.

АҚТАУДАН КЕМЕР АРЗАН

Маңғыстау облысының Инвестициялар және туризмді дамыту басқармасы туризм бөлімінің басшысы Гүлсім Жариеваның айтуынша, биыл қаңтар-наурыз айлары аралығында Ақтауда демалуға келген, әртүрлі санаттағы қонақүйлер, хостелдер, демалыс базалары, балаларды сауықтыру лагерлерінде қызмет көрсетілген келушілердің саны 29475 адамды құрады. Бұл көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңінде 40502 адам болған.

– Биыл Ақтауда теңдесі жоқ «Rixos» демалыс орны ашылды. Алайда ондағы үш күндік демалыс 400 мың теңге деп естідім. Мұндай ақшаға өз басым бір шетел болса да ел мен жер көріп, теңізге түсіп келгенім жақсырақ емес пе деген ойға қаламын. Әлде біз өзіміз осы ақтаулық болған соң солай дейтін болармыз.

Биылдыққа мүлдем теңізге түскен жоқпын. Бір жағынан карантин деп отырмыз. Екінші жағынан су салқын. Ал «Rixos»-тың ұтып отырған жері, естүімше, олар суды жылытып, бассейн жасап қойған. Сол жаппай халыққа қолжетімді болса ғой, шіркін! Қазір оған тек қалталы азаматтар ғана барып жатқан сияқты. Қымбаттығына қарамай, келіп жатқандар көп, тіпті күзге дейін орын жоқ екен, – дейді ақтаулық Алтынгүл Меңдіхан.

– Кемерге барар болсаңыз, қонақүйлері 3, 4, 5 жұлдызды болып бөлінеді. Тамағымен бе, тамағы жоқ па, ішінде бөлмелері де жақсы, жаман, орташа деп бөліне береді. Үш жұлдызды біздің 4 жұлдыздан кем емес. Бір жұлдыз алда жүреді. Бір аптаға бір адам біздің ақшамен 100 мың теңгеге демала алады. Негізі, арзанға демалғын келсе, туристік фирмамен барған дұрыс. Мысалы, 300 мыңға билет құны кіреді және 6 күн, 5 түн демалыс бар. Жалпы, Түркияда әр жерде әртүрлі баға. Түріктер саудаласқанды жақсы көреді. Сондықтан бағасын түсіртіп алуға болады, – дейді Гүлнұр есімді замандасымыз.

КАСПИЙ НЕГЕ ТАРТЫМДЫ ЕМЕС?

Жаз келісімен теңізге жүгіретіндер ақысыз ашық жағалауға да, арнайы демалыс аймақтарына да бара береді. Бұл жергілікті халық үшін оңай. Қай жерінде қалай демалуды жақсы біліп алған. Ашық жағалаудан көбіне Ералы жақты таңдайды. Себебі суы таяз, жып-жылы, 10-15 метрге дейін теңіз суы балалардың бөлінен келіп, алаңсыз түсе береді екен. Ашық жағалауға барғанда көбіне сірне, тағы да басқа тағамдар пісіруге қазан ошағы, көлеңкелейтін палаткаларын ала береді. Ал ақылы арнайы демалыс ошақтарында балаларға түрлі аквапарктер, арнайы үйлер, шезлонг, банан, катмаран, кафе-ресторандар, жуынып киінетін кабинкалар қарастырылған.

Нұр-Сұлтан-Ақтау Нұр-Сұлтан



РАЙХАН РАХМЕТОВА СУ САЛҚЫН БА, ҚАБАҚ САЛҚЫН БА?

Ежелгі ескерткіштері ерекше, тұзды суы шипа, балдыр иісі йодқа бай, құрылымы бойынша әлемдегі ең ірі көл, ішкі теңіз саналатын қарт Каспийге шомылып қайтуға неге құштар емеспіз?! Барымызды бағалап, бір теңізіміз арқылы да ішкі туризмді өркендетіп, тіпті шетелдіктерді де құпия-сырға толы Тамшала мен Шерқаламызға тамсандырып қоятын уақыт жетті емес пе? Бірақ бөтен түгіл, өзіміз оған жаппай бармаймыз, жаз бойы жағасын жайлап жатпаймыз. Одан гөрі жұлдыздар жарыса жазатын, көршіміз жарнамалайтын Антальяны, Дубайды және тағы басқа елдерді жұрттан қалмау үшін болса да бір барып көруге қаражат бөлеміз. Тіпті жергілікті тұрғындардың өздері қасында тиіп тұрған теңіздің қызығын көруге құлықты емес. Оған қарсы айтылар себепте, сылтау да көп. Солардың сауалнама жауаптарында ең көп айтылғандары мыналар болды: сонау түбектегі Каспийге пойызбен жету алыс, ұшақпен жету қымбат, теңіз суы көбіне салқын болып тұрады, демалыс базаларындағы сервис сапасы төмен, инфрақұрылым дамымаған, үгіт-насихат жұмыстары жетіспейді.

Карантинде теміржол қозғалысы жоқ болғандықтан, дәл қазір теңізге тек ұшақпен жетесіз. Ал

ашық кезде Нұр-Сұлтаннан Маңғыстауға пойызбен 10-15 мың теңгенің билетін аласыз. Бір ай бұрын арзан ұшақ бағаты іске қосылып, оның құны осы аралықтағы билетіңіздің бағасымен бірдей болғаны көңілге медеу болды. Ал басқа уақытта бас қаладан Ақтауға ұшақтың орташа билет құны 30 мың теңгеден жоғары. Есесіне пойызбен жүрген 3 күннің орнына 2,5 сағатта Каспийге жетіп барасыз. Әрі қарай кімде туыс, кімде таныс дегендей үй жағалап, болмаса арзан пәтер, қонақүй немесе бірден демалыс орнынан хостел жалдап кетесіз. Теңіз жағалауына жақын пәтерлердің ең арзан дегені тәулігіне 10 мың теңге алады. Жайлылығы мен еурожөндеуіне қарай оның құны өсе береді. Қалтаңызға қарай таңдау өзіңізде. Қалада қазіргі таңда 40-қа жуық қонақүй бар. Оларда тұрақтау құны да жұлдызы мен жағдайына қарай тәулігіне 12 мың теңгеден жоғары кете береді. Каспий теңізінің Маңғыстау облысы жағалауында 4 балаларды сауықтыру лагері, 19 демалыс базасы, 7 жеке демалыс жағажайы орналасқан. Облыста 44 туристік фирма тіркелген, оның ішінде 17 туроператор, қалғаны, негізінен, авиа, теміржол билеттерін сатумен айналысатын турагенттіктер.

Қалада ең арзан құмды жағалауы бар «Достар» демалыс орнына телефон соғып, хостел жалдау құнын білдік. Мұнда 4 адамдығы – 20 мың, 8 адамдық секциялар – 30

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚАШЫҚТАН АЛ!



» Карантиндік шектеу шараларының кезең-кезеңімен жеңілдеуіне байланысты азаматтарға кейбір медициналық қызметтер қашықтан көрсетіледі. Осыған орай Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының елорда бойынша филиалы қала тұрғындарына сол қызметтерді емханаға келмей-ақ қалай алуға болатынын түсіндірді.

Бұрын қашықтан кеңес беру тек созылмалы аурулары бар науқастарды динамикалық бақылау кезінде қолданылатын. Ал биыл 17 шілдеден бастап күшіне енген «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 129-бабына сәйкес қашықтан медициналық қызмет көрсетудің жаңа ерекшеліктері қарастырылды. Осылайша енді салалық мамандардың кеңестері, телемедицина арқылы консультациялар, сондай-ақ рентген түсірілімін қайта оқыту, электрокардиограмма таңбаларын түсіндіру қызметтері енді қашықтан қабылдау кезінде де қолжетімді болды. Бұл заманауи

технологиялар мен түрлі байланыс арналарының арқасында мүмкін болып отыр. Алдағы уақытта қашықтан көрсетілетін қызметтер тізімі кеңейтілмек.

ОНЛАЙН-КЕҢЕС ҚАЛАЙ БЕРІЛЕДІ?

Алдымен өз емханаңыздың Call-орталығы немесе басқа байланыс арналары, мобильдік қосымшалар арқылы дәрігердің кеңесіне жазылу керек. Сосын кеңес беру күні мен уақытын таңдап, салалық маманның қабылдауына жазылу үшін учаскелік дәрігерден жолдама алу қажет. Ол үшін өзіңіздің тера-

певт/жалпы практика дәрігерінің қабылдауына өтінім жібересіз. Одан әрі таңдалған байланыс арнасы арқылы маманның белгіленген уақытта қоңырауын күтіңіз.

– Дәрігерден кеңес алу үшін емханаға барудың қажеті жоқ. Дәрігер кеңесі науқас қай жерде болмасын, қашықтан қолжетімді. Сонымен қатар дәрігер дәрі-дәрмектерге рецепт жазып бере алады. Сырқаттама парақшаларын, зертханалық зерттеулердің, тексерулердің нәтижелерін де айтып береді. Сырқаттар мен жарақаттарды диагностикалау, емдеу, медициналық оңалту және алдын алу, зерттеулер мен бағалау үшін медициналық қызметтер сандық технологиялар арқылы қашықтан ұсынылады. Яғни, осы қызметтерді алу үшін емханаға келудің қажеті жоқ, – дейді «ӘМСҚ» КЕАҚ Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалы директорының орынбасары Айнагүл Дәулетшина.

Учаскелік дәрігердің қашықтан кеңес беруі алғашқы медициналық-санитарлық көмек беретін медициналық ұйымдардың, яғни, емханалардың жан басына шаққандағы норматив төлемі шеңберінде ТМККК тізбесіне енеді. Ал салалық мамандардың консультациялары мен нақты көрсетілген қызметтері, яғни ТМККК бойынша қызмет көрсетілетін созылмалы, әлеуметтік мәні бар және инфекциялық аурулардан басқасы МӘМС пакетіне кіреді. Қандай да бір сұрақтар туындаған жағдайда азаматтар Медициналық сақтандыру қорының Qoldau 24/7 мобильдік қосымшасы арқылы көмекке жүгіне алады.

Дайындаған
Райхан РАХМЕТОВА

ДӘСТҮРЛІ ШАРА ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ

» Биыл да елордада көпбалалы, аз қамтылған отбасылардан шыққан және мүмкіндігі шектеулі ұл балалардың мұсылмандық парызын өтуге арналған «Сүндет-2020» шарасы өткізілді. 21-22 тамызда өткен шара барысында мамандар 100 баланы тегін қызметпен қамтыды.

Мұсылман әдет-ғұрпын елордалық қоғамдық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратовтың өзі бастап берді. Ең алғаш болып ол 3 жасар Аңсар есімді астаналық баланы сүндетке отырғызды. Хирургиялық рәсімнен кейін Аңсардың ата-анасын ұдарының нағыз ержігіт болуымен құттықтады.

– Сүндетке отырғызу мұсылман отбасынан шыққан әр ұл бала үшін есеудің ең алғашқы кезеңі десе де болады. Баланы сүндетке отырғызып, қуанышын елмен бөлісу ата-ананың парызы болып есептеледі. Жүргізілген медициналық зерттеу жұмыстары сүндеттеудің ер адамның денсаулығы үшін көптеген пайдасы барын дәлелдеді. Міне, бүгін №2 қалалық балалар ауруха-



насындағы 6-операция бөлмесінде 2-3 баладан қабылданып, ер балалар сүндетке отырғызылуда, – деді басқарма басшысы.

Әйгерім есімді ана акция барысында жалғыз ұлын сүндеттеуге әкелді.

– Осы шараны қолдаған қала басшылығына, дәрігер мамандарға алғыс білдіремін. Биыл ойда жүрген шаруа еді. Себебі ұл баланы тақ сандағы жаста сүндеттейді. Биыл

ұлымыз үшке толды. Неғұрлым ертерек сүндеттелсе жақсырақ болады, тез жазылады деп естідік, – дейді ол.

Бүгінде шараға қатысатын балалардың тізімі елорда әкімдігі және «Нұр Отан» партиясымен бірге жасалып қойды. Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы өкілдерінің мәлімдеуінше, мұндай шаралар алдағы уақытта да дәстүрлі түрде жалғасын таппақ.



МЕЙІРІМДІ ДӘРІГЕР

» Бүкіл саналы ғұмырын жүрегі қалаған мамандыққа арнап, бойындағы жігері мен қайратын, білімі мен біліктілігін бір салаға жұмсайтын адамдар болады. Мұндай адамдарға халықтың да құрметі ерекше. Сондай қадірлі азаматтың бірі, жоғары санатты дәрігер Таңсықбай Күсемісов еді.

Соңғы бес жылда Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қарттарға, мүгедектерге және мүгедек балаларға арналған оңалту орталығы» мекемесінің бас дәрігері болған Таңсықбай Сейтайұлы бүкіл саналы өмірін, атап айтқанда 47 жыл бойы денсаулық сақтау саласында елеулі еңбек етті. Ақ халатты абзал азаматтың өз мамандығын жан-тәнімен сүйетініне бірге жұмыс істеген кезімізде сан мәрте көз жеткізген едік.

Бас дәрігер міндетін атқара жүріп, терапевт ретінде әрбір науқастың жағдайын білуге мейлінше көңіл бөліп, оларға сырқаттан емделудің жолдарын түсіндіріп, айтып отыратын. Солай бола тұра қарамағындағы медицина қызметкерлеріне талапшыл еді. Сол талапшылдығынан жас мамандар көп нәрсе үйреніп, жауапкершілікпен жұмыс істеуге ұмтылатын.

Бүкіл өмірін денсаулық сақтау саласына арнаған Таңсықбай Сейтайұлы 1949 жылдың 2 шілдесінде Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеев ауданы, Балуан ауылында дүниеге келді. 1966 жылы Петропавл қаласындағы қазақ мектеп-интернатын бітіріп, сол жылы Алматы мемлекеттік медициналық институтына оқуға түседі. 1972 жылы «Емдеу ісі» мамандығы бойынша диплом алып, еңбек жолын туған жерінде, атап айтқанда облыстық ауруханада анестезиолог-рениматолог дәрігер болып бастайды. Кейіннен жедел жәрдем дәрігері, қалалық №1 қалалық біріктірілген ауруханасының емдеу бөлімі бойынша бас дәрігердің орынбасары, бас дәрігер қызметін атқарады. 2002 жылы осы аурухана «Денсаулық жылы» аясында өткізілген республикалық байқауда жүлделі үшінші орынға ие болды. 2003 жылдан бері білікті дәрігер әрі ұйымдастырушы болған Т.Күсемісов Петропавл қаласы бойынша Денсаулық сақтау департаментінің басшысы қызметін атқарды. Кейіннен «Облыстық туберкулезге қарсы диспансер» мемлекеттік мекемесінде, Аққайың аудандық ауруханасының бас дәрігері болды.

Таңсықбай Сейтайұлы денсаулық сақтау және салауатты өмір салтын насихаттау саласындағы ерекше жетістіктері үшін ҚР «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Кәсіподақтарға сіңірген еңбегі үшін» төс белгілерімен, «Қазақстан Республикасына 10 жыл» медалімен марапатталған.

Тәжірибелі дәрігер-ұйымдастырушы 2015 жылдан бастап осы уақытқа дейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қарттарға, мүгедектерге және мүгедек балаларға арналған оңалту орталығының» бас дәрігері болып жұмыс істеді. Осында келіп емделетін науқастардың ризашылығына бөленіп, дәрігер деген қасиетті мамандықтың абыройына лайық еңбек ете білді. Көпшіліктен бас дәрігеріміз жайлы жылы пікірлер естуші едік.

«Біздің шипажайдың бас дәрігері Таңсықбай Күсемісов өте жақсы азамат еді. Орталыққа келген әрбір адамның денсаулығында сыр бар екенін жете ұғынып, қажеттілікпен алдына барғанда, асықпай тыңдап, кеңес беріп, жігерлендіріп жіберетін. Әсіресе, Ауған соғысында болған жігіттерге «Сендер соғысты көргенсіңдер, сендерге ерекше күтім керек деп көтермелеп жүретін. Осындай мейірімді, білімді, білікті дәрігердің қайтыс болғанын естігенде көңіліміз түсіп кетті» дейді жауынгер-интернационалист Ғалым Қожабеков.

Денсаулық сақтау саласына ерекше еңбек сіңірген, дәрігер деген абыройлы атағына сай өмір сүрген Таңсықбай Күсемісов есімі, аржарқын дидары онымен бірге жұмыс істеген әріптестерінің есінде мәңгілік сақтала бермек. Өмірін адамдардың денсаулығын сақтауға арнаған ақ халатты абзал азаматтың отбасы мен ұрпағына амандық тілейміз.

Арыстан ДЖАНҒАЗИЕВ,
Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қарттарға, мүгедектерге және мүгедек балаларға арналған оңалту орталығы» мемлекеттік мекемесінің директоры

ҒЫЛЫМ МЕН ІНДЕТ КҮРЕСІ

» Күллі әлемді тығырыққа тіреген Covid-19 індетінің құрығына ілікпеген ел кемде-кем. Дүниежүзі ғалымдарының болжамы бойынша, бұл індет әлі де созылуы мүмкін. Әсіресе суық қыс пен салқын көктемде коронавирустың вируленттілігі, яғни ауыртқыш күші өте мықты болады екен. Ғылыми тұрғыдан вирус күн ысығанда әлсіреп, ауыртқыш күші азаяды деген еді. Алайда Қазақстанда нағыз ыстық кезеңде індет үдеп кетті. Ал еліміздің ғалымдары бұл дертті жеңудің жолдарын әлі іздестіруде.

Гүлжан АБАЙҚЫЗЫ

ОТАНДЫҚ ҒАЛЫМДАР НЕ ОЙЛАП ТАПТЫ?

Наурыз айында алғаш эпидемия басталған тұста Ұлттық биотехнология орталығындағы отандық ғалымдардың зерттеу жұмыстары қуантқан еді. Орталық қызметкерлері ДНҚ жасанды синтез жолымен әзірленген және жұқпалы коронавирус ауруының жаңа түрін жылдам анықтауға мүмкіндік беретін полимеразды тізбекті реакция (ПЦР) негізіндегі тест жүйесін ойлап шығарды. Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырмасы бойынша орталық қазіргі уақытта 11 мың ПТР тестін әзірлеп берген. Соның арқасында індеттің бірінші күндері осы тестілеу жүйесімен бізде жалпы диагностика іске асқан. Одан соң Қазақстанның биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттігін және Covid-19 вирусының әртүрлі климаттық жағдайларға бейімделу қабілетін ескере отырып, осы орталық пен Биологиялық қауіпсіздік проблемалары жөніндегі ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары коронавирусына қарсы вакцина жасау бойынша бірлескен жұмыстарын бастаған еді.

ВАКЦИНА СЫНАҚТАН ӨТҮДЕ

Бұған дейін отандық ғылыми ұйымдар қысқа мерзім ішінде құс тұмауы мен доңыз тұмауына, нодулярлы дерматитке және бруцеллезге қарсы вакциналар әзірлеген болатын. Жалпы вакцинаның 28 түрі жасалып және диагностикалық тест жүйесінің технологиялары әзірленді. Мұның кейбірі шетелге шығарылған екен. Ал енді орталық пен институт ғалымдарының коронавирусына қарсы вакцина жасау бойынша бірлескен жұмыстарының нәтижесі қандай? Ол вакцинаның тағдыры не болды деген сауалға аталған ғылыми-зерттеу институты бас директорының ғылым жөніндегі орынбасары Ерғали Әбдрайымов: «Covid-19 індетіне қарсы вакцина әзірлеу Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу ин-



титутының ғалымдарына тапсырылған. Бүгінгі таңда ғалымдар вирусына қарсы белсенділігі жойылған вакцина әзірлеп жатқандығын және клиникаға дейінгі сынақтар тышқан, атшалман, қоян сияқты т.б зертханалық жануарларға жүргізіліп жатқандығын айтты. Алынған нәтижелер көңілге медеу боларлық. Өйткені әзірленген вакцина қауіпсіздігі, уыттылығы, пирогендігі, тиімділігі және тағы басқа параметрлері бойынша халықаралық Дүниежүзі денсаулық сақтау ұйымы және Мемлекеттік фармакопея талаптарына толық сай келеді. Сонымен қатар вакцина маймылдарға да егіліп, тексерілген. Вакцина толық клиникалық сынақтардан өткен соң Денсаулық сақтау министрлігінің протоколы негізінде енгізіледі» дейді Ерғали Әбдрайымов. Мамандардың айтуынша, бұл отандық екінші вакцина ДДСҰ-ның сайтына тіркелген екен.

ЕКПЕДЕН ДАУА БОЛА МА?

Осылай деп заманауи ғылым мен медицинаның мүмкіндіктеріне көп адам иек артып отыр. Бұл екпе Covid-19 дертіне дауа бола ма, жоқ па? Оны уақыт көрсетпек. Ал бүгінде аурудан емделіп шыққандардың дерегі қуантқанымен, жұқтырғандардың да саны аз емес. Мұның бәрі халықтың

көңіліне алаң кіргізіп үрейін үстеді. Эпидемия кезінде дертке шалдыққан адамдар саны бір мезгілде күрт арты да, жаппай тараған аурумен ел медицинасы күресуге қауқарсыз болды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Коронавирус індеті медицина ғылымын дамытудың да өзекті екенін көрсетіп берді» деген болатын «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында. «Қазір бүкіл әлем осы салаға ерекше назар аударып, жұқпалы аурулармен күресті күшейтуде. Бұл – заңды құбылыс. Алдағы уақытта елімізде медициналық-биологиялық зерттеулерге ерекше көңіл бөлінеді. Өйткені айбынды әскермен бірге мықты медицина да – мемлекеттің негізгі қалқаны. Бұдан былай оның өзектілігі арта түсетіні сөзсіз»

ӨЗГЕ ЕЛДЕР КӨМЕККЕ КЕЛДІ

Соңғы екі айдағы жағдайдың күрделенгені сонша, ел медицинасы тоқырауға ұшырады. Тіпті күндіз-түні індетпен күрескен отандық дәрігерлер шарасыз боп қалды. Қаншама ақ халатты осы виуусты жұқтырса, айтулы дәрігерлер өмірімен қоштасты. Амал жоқ көрші елдердің көмегіне жүгіндік. Алдымен наурыз айында аспан асты елінің ақ халаттылары келді.

Қытайдың науқастарды емдеудегі, эпидемиология-

лық тергеу жүргізудегі тәжірибесі әмбеге аян. Сондықтан пульмонолог, реаниматолог және қоғамдық денсаулықты сақтау жөніндегі сарапшылар келіп, дертті анықтау, коронавирус жұқтырғандарды емдеу сынды мәселелерді отандық медицина қызметкерлерімен талқылады. Одан соң індет өршіген аймақтарға көршілес Ресейден де дәрігерлер шақыртылды. Өйткені сырқаттанушылардың көбеюіне байланысты елімізде мамандар жетіспейтін еді. Әсіресе реаниматологтар, инфекционистер, терапевтер және жалпы практика дәрігерлері тапшылығын мойындады.

Коронавирусқа шалдыққан науқастарды емдеуде тәжірибесі мол, жоғары білікті ресей дәрігерлері Covid-19-ға қарсы күресте консультациялық әдістемелік көмек көрсету, қолданыстағы клиникалық емдеу хаттамаларына ұсыныстар беруде тәжірибелерімен бөлісті.

Өз дәрігеріне имандай сеніп жүрген науқастар, өзге елден емдеуші келді дегенде абдырап қалғаны рас. Тіпті отандық дәрігерлердің біліктілігі жетпеді ме, теріс емдеп жүрген жоқ па деген сенімсіз пікірде қалғанымыз да рас. Өзге елдер біртіндеп індеттен құтылып жатқанда, ел ғылымы вирусты жоюдың тетіктеріне неге

дәрменсіздік танытып отыр деген сауал әркімнің көкейінде бар.

МЕДИЦИНАДА МАМАН ТАПШЫ

Қазақстанда коронавирусы инфекциясы тараған тұста Денсаулық сақтау министрлігі елде 4 мың дәрігер, 800 эпидемиолог жетпей жатқанын мойындады. Министрлік қысқа уақытта медициналық оқу орындарындағы 300 студентті эпидемиолог мамандығына қайта оқытып, 9 мың дәрігердің біліктілігін арттыратынын мәлімдеді. Сондай-ақ пандемия Қазақстанға вирусолог маманның керектігін және өз деңгейінде жетпейтіндігін айқындап берді. Министрліктің есебінше, Қазақстанда медицина саласында 250 мың адам қызмет атқарып жүр. Олардың 72 мыңы – дәрігер. Ал қазір коронавируспен күреске 16 мың медицина қызметкері жұмылдырылған. Кейінгі ресми мәлімет бойынша, Қазақстанда Covid-19 коронавирусын жұқтырғандар 5090 адамға жеткен. 1941 науқас емделіп шыққан, 31 адам қайтыс болды.

ЭПИДЕМИОЛОГ НЕГЕ АЗ?

Ал Нұр-Сұлтан қалалық Денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, қалада жыл санап медицина мамандарының саны артып келеді, дегенмен кейбір са-

лалар бойынша дәрігерлер жетіспейтінін жасырмайды. Бүгінде қалалық Денсаулық сақтау басқармасына қарасты 34 мекеме бар. Осы медициналық мекемелерде 500-дей маман жетіспейді. Әсіресе жалпы тәжірибедегі дәрігер, педиатр, терапевт, акушер-гинеколог, анестезиолог-реаниматолог, кардиолог, онколог, неонатолог мамандар сұранысқа ие. Қазақстанда неге эпидемиолог маман тапшы деген сауалға еліміздегі эпидемиолог маман дипломын алатындар аз, сондықтан биыл бакалавриат бітіретіндер эпидемиология бойынша қосымша сабақ оқиды деді министрлік. Ал министрліктің асығыс қадамы мәселені шеше ме? Медицина ғылымының докторы, профессор Сәкен Әміреев басқа мамандықта оқыған медицина қызметкерінен тез арада эпидемиолог шығару мүмкін емес деп санайды.

«Кезінде елімізде санитарлық гигиена мамандарын дайындайтын медициналық-профилактикалық факультет болған. Кейін жабылды. Соның салдарынан біз осындай жағдайға жеттік. Қазір мемлекет «жетпей жатқан эпидемиологты қысқа уақытта дайындау керек» дейді. Оны кім дайындайды? Тез арада дайындаймыз дегені – құр сөз. Жай сөзбен маман дайындалмайды. Маман дайындап шығару үшін ұстаздар, профессорлар болуы керек. Дұрысы, елдегі алты медицина университетінде эпидемиология факультетін қайта ашу керек. Бұл мамандықты оқыту үшін жан-жаққа тарап кеткен мамандардың басын қосып, жинау керек. Мамандарды шақырса, бұл мәселе шешіледі» дейді ғалым.

Ал эпидемиолог мамандардың аздығына себеп жоқ емес. Бір кездері эпидемиология мамандығын тәмамдағандар жұмыс таппай қалды. Ал СЭС органдары жұмысқа эпидемиологтар мен вирусологтарды емес, менеджерлер мен заңгерлерді алды. Осы орайда Қарағанды мен Батыс Қазақстан облысындағы медициналық оқу орындарында эпидемиология факультетін ашып, басқа ЖОО-да эпидемиолог мамандығын қалпына келтіруге болмас па деген ой туады.

» ҚР Жаратылыстану ғылымдары академиясының корреспондент мүшесі Бекболат Тасболатұлы «Отырар б.з.б. 1 ғасырда Қаңлы мемлекетінің үшінші астанасы болды. Отырардың жасын белгілі отырартанушы-ғалым Бейсенбай Бекжан 2500 жылдан асқан деп ғылыми негізге сүйеніп дәлелдеп отыр. Оны сол жерден археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған заттар да дәлелдей түседі» деп жазады «Қаңлы мемлекеті – қазақ мемлекеттілігінің негізі» атты еңбегінде. Төменде зерттеуші Б.Бейсенбайдың мақаласын ұсынып отырмыз.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік пединститутының профессоры А.Подушкин бастаған археологтар тобы Түркістан облысы, Арыс-Бадам өзендері аймағында жиырма жылдай қазба жұмыстарын жүргізген. Олар жасы б.д.д. 4 ғасырға дейін жететін 98 елді мекен, 28 ірі қала, 120-дан аса мазарларды, керемет жаңалықтар ашып, деректі фильмдер де шығарып үлгерді. Қаңлылардың сол ерте дәуірде ақ метал өндегенін, қолөнерде керемет жетістікке жетіп, өз жазуы болғанына айғақтар тапқан.

Бұл жазуларды Кляшторный, Аманжоловтар оқи алмапты. Тек 16 жылдан кейін 2006 жылы Ұлыбритания ғалымы Николас Симс-Уильямс оқыды. Жазулар оңнан солға қарай жазылған.

Еуропалық ғалымдар алғашқыда бұл жазуларды арамей жазуы деп шешеді. Көне соғды тілінде жазылған деп есептейді. Бұл жазулар б.д.д. 3 ғасырда жазылған екен. А.Подушкин бұл жазулардың қаңлы жазуы екенін, көне қаңлы тілінде жазылғанын дәлелдеп шыққан.

Әлкей Марғұлан мен Ермахан Бекмахановтар «Қаңлы ханының сарайында «Қаңлылардың заңдар ережесі» («Кодекс законов») ілулі тұратын болған» деп жазып кеткен.

А.Подушкин бастаған археологтардың Арыс-Бадам өзендері аймағында ашқан жаңалықтары Қаңлы мемлекетіне тиесілі болғандықтан, оның астанасы Отырар аймағына да осы жетістіктер ортақ деп санауға болады.

Бұдан шығатын қорытынды б.д.д. III ғасырда Отырардың өркениеті жоғары, өздерінің төл жазуы – қаңлы жазуы болды деген сөз.

Сыр бойында сақтардан кейінгі өз бірлестігін құрған Қаңлы мемлекеті туралы деректер б.д.д. II ғ. Қытай деректерінде айтылады. Қаңлы ханының ордасы Отырар (ол кезде Кангу Тарбан деп аталған) қаласында орналасқан.

Б.д.д. 138 жылы Қытай императоры У Ди әскери қызметкері Чжан Цяньды Батыс өлкеге ғұндарға қарсы одақтас табу үшін елшілікке аттандырды. Ол көптеген елдерді аралап, Қаңлы елінде болып, б.д.д. 125 жылы Қытайға қайтып оралды. Чжан Цянь астанасы Кангу Тарбан аталатын Қаңлы елі туралы былай дейді: «Бұл ел Кангюй деп аталады. Басқа халықтар шабуыл жасамас үшін аса қолайлы, жан-жағынан биік таулармен, шөл далалармен қоршалған. Біраз жылдардан бері соғыстың ауыртпашылығын сезбей бейбітшілікте, бақытты өмір сүреді.

Бұл жұрт мамыражай «көк елінен» (Қытайдан) батыс теңізге (Жерорта теңізі) апаратын үлкен жолдың бойында. Осы елдің үстімен жан-жаққа тынымсыз ағылып жатқан әртүрлі зат артылған небір керуендерге қарауға көз тоймайды.

Тұрғындары бойшаң. Қолөнерде де, көркем өнерде де асқан шебер. Жібектен, жай матадан, жүннен



ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ӨРКЕНИЕТ ЖӘНЕ ОТЫРАРЛЫҚТАР



«Ислам діні тарамай тұрған кезде, Отырар өлкесі, жалпы алғанда Тұранның, Сарматтың көне мәдениеті жоғары дәрежеде болған. «Ертедегі мәліметтерде Отырар жоғары мәдениетті қала, оның кітапханасы дүние жүзіндегі кітапқа бай орын болып табылады: осы жағынан ол Александриядан кейінгі екінші орынды алады» деп жазған Александрия ғалымы Птоломей (I ғ.). Отырар сол Птоломей картасында бар» деп жазады Ақжан Машанов

тоқылған, теріден тігілген киімдер киеді. Сауда жасағанды жақсы көреді. Тұрғындардың жартысы диханшылықпен, жартысы саудамен айналысады. Жылқының да өте жақсы тұқымын өсіреді. Олардың ішіндегі ең сұлуы-қанды тер шығаратын «көк» тұлпарлары.

Абыздары мен ақсүйектері оқып-жаза алады. Олардың шығармалары әрқайсысы әр затты білдіретін, әр қатарға қойылатын 25 белгінің көмегімен жазылады. Кітаптары иленген сиыр терілеріне оңнан солға қарай көшірілген.

Мерекелерде халық бағзы заманалар жайлы ән салуды ұнатады. Өте ұзақ жылдарда өмірдің ұлағатты заңдылықтары мен ата бабаларының ерлік істері жайлы тәптіштеп айтылады.

Ұзақ жылдар бойғы бейбіт өмір Кангюйдің халқын аса байытқан, олардың үйлерінде басқа елдерден әкелінген қымбат дүние-жиһаз тіреліп тұр. Осы байлыққа көңілдері көтеріліп шалқыған олар өз елдерін «Бақытты Кангюй» деп атайды».

«Ислам діні тарамай тұрған кезде, Отырар өлкесі, жалпы алғанда Тұранның, Сарматтың көне мәдениеті жоғары дәрежеде болған. «Ертедегі мәліметтерде Отырар жоғары мәдениетті қала, оның кітапханасы дүние жүзіндегі кітапқа бай орын болып табылады: осы жағынан ол Александриядан кейінгі екінші орынды алады» деп жазған Александрия ғалымы Птоломей (I ғ.). Отырар сол Птоломей картасында бар» деп жазады Ақжан Машанов.

«Шын мәнінде көне Отырар кітапханасы көшпелілер әлемінде «екінші даналық үйі» болғанына ертедегі қытай саяхатшысы Лу-Цзиннің: «Отырардың даңқы шарапханасымен емес, мейман-

ханасымен емес, әйгілі кітапханасымен шықты» деген пікірі дәлел бола алады.

«Жібек жолы» бойымен кіре тартқан көпестер ең құнды сыйлық ретінде Отырар әкіміне кітап сыйлауды дәстүрге айналдырды. Тіпті бұл мемлекеттік рәсім ретінде қабылданып, ресми сипат алды. Бұқаралық ғұлама Рузбехан: «Отырар кітапханасындағы қолжазба кітаптарды тек қала тұрғындары ғана емес, шалғайдағы Сығанақ қаласының тұрғындары да пайдаланып отырды» деп жазады.

1) Араб тарихшысы Табари «Отырар патшасын әл-Мамун (813- 833) халифтің жауларының бірі» деп атапты. Жарты әлемді билеген халифтің жауы дегенге қарағанда Отырар 9-ғасырдың басында-ақ ірі қала болған.

2) Ең атақты араб географы Мухаммед ибн Ахмед әл-Макдисидің (немесе Мукаддаси) шамамен 985 жылы жазылған «Ахсан ат-такасим фи-марифат ал-акалим» атты шығармасында «Фараб ірі қала, ол қажетті жағдайда 70 мыңдай әскер қоя алады, шахристанда жұма мешіті, негізгі базарлары рабадта, қалалық қорған ішінде дүкендер бар» деп жазыпты.

Көне аңыздар Отырардан 411 ғұлама ғалым шыққан дейді. Тіпті мыңнан асады деп жүргендер де бар. Өкінішке орай, осы Отырар ғылымының көрнекті өкілдері туралы деректер мен атақты Отырар кітапханасы моңғол шапқыншылығы кезінде жойылып, Орталық Азия аймағында ешқандай дерек қалмаған. Қазір біз Отырардың ғылымы мен өркениеті туралы деректерді археологтардың зерттеулері мен алыс жатқан Қытай, Египет, Араб елдерінен іздеуге мәжбүрміз.

Осы жүздеген Отырарлық ғұла-

малардан Ақсақ Темірдің арқасында ғана аты сақталып қалған Қожа Ахмет Ясауи мен оның ұстазы – 32 діннің негіздерін білген Арыстан баб ғұлама сияқты бірлі-жарымын ғана білеміз. Оның өзінде де Арыстан бабты шыққан тегі араб, Мұхаммед пайғамбардың сақабасы деп шатасып жүргендер де бар. Бірақ бұл жай ғана аңыз.

Мұхаммед пайғамбарға дейін араб халқының өркениеті өте төмен болғандығы, тіпті жаңа туған қыз баланы тірідей жерге көметін анайылық та қылмыс болып саналмағанын қазіргі жұрт біле бермейді. Мұхаммед пайғамбардың жанында Арыстан баб ғұлама сияқты ірі ғалым түгілі, 23 жыл бойы (610-632ж.ж.) Мұхаммед пайғамбарға көктен түскен Қасиетті Құран Кәрімнің сүрелерін жазып алатын сауатты адам да болмапты. (Мұхаммед пайғамбардың өзі де сауатсыз болған)

Құран Кәрімнің сүре-аяттары Мұхаммед пайғамбар өмірден өткеннен кейін, бірінші әділ халиф Әбу Бәкірдің тұсында жинақтала бастап, үшінші әділ халиф Османның тұсында толық жинақталып, кітап болып шыққан.

Қазір ғылымда қолданылып жүрген «Араб өркениеті» деген түсінік кейіннен 24-ші халиф, аты халықтың аузында аңызға айналып, «Мың бір түннің» кейіпкеріне айналған Һарун әр-Рашидтен бастап, әл-Мамун халифтің кезінде қалыптаса бастады.

«Шығыстық гүлдену дәуірі» тұсында христиан уағызшылар мен тақалары өртеген «Александрия кітапханасын» қайта түлету мақсатында араб халифтары Харун әл-Рашид (786-809) пен Мамун (813-833) «Даналық үйін» («Байт әл-Хикма») ашып, оны аса бай кітапханамен, обсерваториямен қамтамасыз етті. Дүние ықылымының барлық саласына арналған кітаптарды бір орталыққа шоғырландырып, ғылыми-зерттеу, аударма, кітап шығару жұмыстарымен белсене айналысты.

Халифатты 23 жыл басқарған 24-ші халиф Һарун әр-Рашидтің тұсында (786-809жж) Аббасилердің билігі шарықтау шыңына жетті. Ғылым-білім және әдебиет биік шыңдарды бағындырды.

Халифатты 20 жыл басқарған 26-шы халиф әл-Мамунның (813-833ж.ж.) кезеңі ғылым-білімнің алтын ғасыры болып саналады. Ол ел басқару ісіне ғалымдарды тартып, Бағдат қаласында «Даналық үйін» ашты. Ол аударма ісін өркендетті. 829 жылы Бағдатта астрономиялық обсерватория салдырды. Ол Бағдатта кітапхана жинақтатып, кезбе ғалымдарға арнап жай салдырды.

Осы Бағдат халифатында ғылым-білімнің өркендеп, «Араб өркениеті» деген түсініктің қалыптасуына түркі ғалымдарының қосқан үлесі өте зор болды. Бағдаттағы «Даналық үйін» алғаш басқарған Орта Азиялық түркі текті Ұлы ғалым – математик, астроном, тарихшы Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми болды.

Осы араб өркениетінің өркен жайына Отырарлық қаншама ғұламалар да ат салысқан. Әбу Насыр әл-Фарабидің кезінде Бағдат халифтің көптеген уәзірлері Отырарлық ғалымдар болған. Ел басқару ісіне ғалымдарды тарту халиф әл-Мамуннан (813-833ж.ж.) басталады. Әбу Насыр әл-Фараби де халифтың арнайы шақыртуымен Бағдатқа келген.

Қазір біз Отырардан 411 ғұлама шыққан дегенімізбен, солардан аты белгілілері отыздың айна-

ласында ғана. Олардың өзі араб елдерінде қызмет етіп, аттары сақталып қалғандары ғана. Ал Орталық және Орта Азия аймағында болған ғұламалар жайлы ешқандай дерек қалмай, моңғол билігі кезінде жойылып кеткен.

Осы Таяу Шығыс елдерінен табылған Отырарлық отыздан аса ғұламалардың алғашқылары IX ғасырда өмір сүрсе, соны XIV ғасырға жатады. Бұл Отырардың ғылымы IX ғасырдан бастап өркендеді дегенді білдірмейді. Отырадың Ұлы кітапханасы Египетке I-II ғасырларда-ақ белгілі болған. Сол дәуірдің өзінде осы кітапхананы жинақтаған, осында ғылыммен айналысқан қаншама ғалымдардың болғаны даусыз. Тек ол ғұламалар туралы деректер мен олардың жазған еңбектері және Ұлы Отырар кітапханасы моңғол шапқыншылығы кезінде жойылып кетті. Бізге араб елдері арқылы аты мәлім болып отырған ғұламалар Бағдат халифатында ғылымға жағдай жасалып, отырарлық ғұламаларды халифатқа жұмысқа тартқан кезден, халиф әл-Мамунның (813-833ж.ж.) кезінен басталады.

1) Осы араб елдерінен табылған отызға жуық отырарлық ғұламалардың ішіндегі ең алғашқысы – Аббас әл-Жауһари. (IX ғ.)

«Аббас әл-Жауһаридің Отырар қаласынан шыққандығын көрсететін мағлұматтар бар. Отырар алқабындағы бір қалашықтың орнындағы төбе күні бүгінге дейін «Жауһар ана» немесе «Гауһар ана» деп аталады.

Аббас әл-Жауһари IX ғасырда құрылған Бағдат мектебінің өкілі, жерлестері Хорезми, Ферғани, Мервазимен бірігіп Бағдат обсерваториясы мен «Даналық үйінің» негізін қалаушылардың бірі. Ол осы жерлестерімен бірге 829-830 жылдары Бағдатта және 832-833 жылдары Дамаскіде жүргізілген астрономиялық бақылауларға қатысады. Бұл бақылаулар негізінде «Мамунның астрономиялық таблицалары» деп аталатын еңбек жазылады. Бұл еңбекке Әбу Насыр әл-Фараби үлкен мән берген.

Аббас әл-Жауһари математикамен де шұғылданған. Мәселен, ол «Евклидтің «Негіздерін» кемелдендіру» деп аталатын трактат жазған.» (2)

2) Осы отызға жуық ғұламалардың ішіндегі екіншісі әрі ең танымалы Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби. Ол 870 жылы Отырардың жанындағы Оқсыз қаласында дүниеге келіп, 950 жылы Шам қаласында дүниеден өткен. Ол алғашқыда Отырарда қаді(сот) болып қызмет істейді. Кейін ғылыммен айналысып, білімділігімен аты шығады. Сол кездегі Орта Азияның Саманидтік билеушісі Мансур ибн Нухтың тапсырмасымен «Әт тағлим әс сани» - «Екінші ілім» деген еңбек жазады. Осы еңбегінің арқасында «Екінші ұстаз» деген атқа ие болады. Елу жастар шамасында Бағдат халифының шақыртуымен Бағдатқа келіп, түрлі салада ұстаздық етеді. Оның Бағдат қаласындағы музыкалық мектебі бүкіл ислам әлеміне әйгілі болды. Бүкіл Бағдат медиктері оны өздерінің ұстазы деп санады. Кейін Мысыр, Алжир елдеріне саяхат жасайды. Өмірінің соңғы кезінде Халабтың билеушісі Сайф ад Дауланьң шақыртуымен Сирияға келеді.

Бекжан БЕЙСЕНБАЙ,
отырартанушы

(Жалғасы бар)

БЕРЕЛ ҚОРҒАНЫ ҚҰПИЯСЫ

» Шығыс өңірінің археологиялық ескерткіштерін зерттеу жұмыстарының тамыры тереңде жатыр. Ең алғаш болып зерттелген ескерткіш – Берел қорымы тарихи-мәдени мұраға өте бай.



Ол сонау 1865 жылы алғаш рет археолог-ғалым В.Радлов жүргізген зерттеулерден бастау алды. В.Радловтың зерттеулері «1865 жылғы Берел даласындағы, Бұқтырманьң жоғарғы сағасынан алыс емес жердегі қазба жұмыстары» атты археологиялық зерттеудің жазбасында толық сипатталған. Бұқтырмада алтайлық феномен – тоң басқан қорған табылған. Бес метр тереңдікте жатқан қабірдің оңтүстік бөлігі ағашпен, солтүстігі қайыңның қалың қабығымен жабылған. Қайыңның қабығын алғанда, ғалым солтүстік бөлігінен аттардың (жылқының) сүйектерін көреді.

Барлығы 16 ат (жылқы) болды. Барлық аттардың бастары шығысқа қаратылып – 4 аттан, 4 қатар орналасқан. Алдыңғы қатардағы 8 аттың ауыздығы темірден жасалған және ағаш пен қабықтан ойылып, жұқа алтын фольгалармен қапталып, арнайы жасалған салпыншақтармен әсемделген.

Қорымның шығыс және батыс бөліктерін ғалым төрт тақтайдан құралған қима тауып алған. Қима ішіне қарағайдан жасалған табыт орналасып, табыт қабықпен көмкерілген. Табыттың төрт бұрышында мыстан құйылған құстар орнатылған. Әр құстың бір қанаты көтеріліп, ал енді біреуі төмен қаратыла орнатылған. Ағаш төсеудің астына тағы бір ат және жерленген адам мүрдесінің қалдықтары, адам сүйектерінің жанынан тағы да бірнеше мыстан және алтыннан жасалған пластиналар табылған.

Зерттеулерге қарағанда, бұл қорған ертеде тоналған. В.Радлов Берел қорғандарының жеті қорымын осылайша зерттеді. Осы бір ескерткіштен табылған тамаша жәдігерлер Ресей астанасы Мәскеу қаласының Мемлекеттік тарихи музейінің «Радловтың жеке коллекциясы» залында тұр.

1959-1963 жылдар аралығында Мемлекеттік Эрмитаж (Ленинград қаласы) С.Сорокиннің басқаруымен Оңтүстік-Алтай археологиялық экспедициясын ұйымдастырды. Экспедиция Үлкен Берел қорғандарын толығымен зерттеп, Бұқтырманьң жоғарғы тұсындағы: Күрті және Таутеке өзендерінің қосылысындағы қорғандарды ашты. 1935 жылы КСРО Ғылым акаде-

миясының «Материалдық мәдениет тарихи» институтының С.Черников басқарған экспедициясы құрылып, 1937-1938 жж. Шығыс Қазақстан облысында қалайы, мыс, алтын өндірген кен орындарын зерттеді. Зерттеу нәтижесінде ежелгі кен орындарының қола дәуіріне тән екені жөнінде пікір білдірді. Бұл ғылыми зерттеулер нәтижесінде ғалым кен өндірісі қола дәуірінен бастау алады деген тұжырым жасады. Көпжылдық ізденістерден кейін ғалымның «Восточный Казахстан в эпоху бронзы» атты еңбегі жарыққа шықты.

Ал Шүлбі су электр стансасы құрылысы басталардан бұрын 1980-1983 жылдар аралығында А.Максимова, кейіннен С.Ақынжанов жетекшілік еткен Шүлбі археологиялық экспедициясы жұмысын жалғастырды. Кең ауқымды археологиялық ізденістер кезінде тас, қола, темір, ортағасырлық көшпенділер ескерткіштері және петроглифтерді зерттеу ісі қамтылды. Экспедиция құрамында Ж.Таймағамбетов, З.Самашев, Ю.Трифонов, А.Ермолаева сынды археолог ғалымдар еңбек етті. Осы бір ғылыми зерттеу нәтижесінде кең көлемді еңбек жарыққа шықты. Бұл Патшалық Ресей мен КСРО кезінде зерттелген археологиялық ескерткіштер және жарық көрген монографиялардың бір ғана бөлігі.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері отыз жыл өтті. Осы уақыт аралығында Шығыс Қазақстан облысының археологиялық зерттеу жұмыстары өтте қарқынды даму үстінде.

1998 жылы белгілі археолог З.Замашевтың зерттеу жұмыстары, құпияға толы Берел қорымы ғылымға жаңа серпіліс әкелді. Олай деуіміздің себебі 13 жирен жылқының сол қалпында сақталып, бүгінгі күнге жетуі.

Жылқыларға панаралық зерттеулер жүргізіліп, 13 жылқының әр аймақтан келгендігі анықталды. Сондай-ақ жылқылардан түрлі жыртқыш бейнесіндегі аң стилінде жасалған жәдігерлер табылды.

Осы тылсым құпияға толы «Берел» ескерткіші аумағында 2008 жылы Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында республика-

лық тарихи-мәдени музей-қорығы ашылды.

Араға жылдар салып, ел тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына орай өткен «Алтай-Түркі халықтарының алтын бесігі» атты конференция аясында №11 оба орнына «Құн шыныдан салынған» ашық аспан аясында музей ашылды. Қазіргі таңда бұл музей алыс-жақын шетелдік қонақтардың көзайымына айналууда.

Шығысымыздың тағы бір бұрышында «Шілікті» атты элиталық қорым бар. Ол қорымнан тәуелсіздік тарихындағы үшінші «Алтын адам» табылды.

2018 жылы «Елеке сазы» патшалар жазығынан «Атын киімді сақ бекзадасы» табылды. «Елеке сазы» патшалар жазығынан Түркі даласында «Ежелгі Түркілердің Шивээт Улаан» ғұрыптық кешеніне ұқсас, еліміздегі бірегей «Елеке сазы түркі дәуірінің ғұрыптық» кешені ашылды.

Шығыс өңірі – бірнеше тарихи мәдениеттердің тоғысқан жері. Түркі дәуірінің ескерткіштері: Қазақ Алтайындағы Қарақаба қорымы, Аян-Түйетас қорымдары, Шыңғыс тау қорымы, жаңадан ашылған Көкен тау қорымы. Осы бір құт қонған Шығыс өңірінен табылған археологиялық мұраларымыз, еліміздің бас қаласы Нұр-Сұлтан шаһарындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі төріндегі экспозициялардың ажарын кіргізуде.

Шығыс Қазақстан археологиялық ескерткіштерін зерттеу ба-рысында бірнеше кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды. Қазір де бірнеше докторлық диссертациялар жазылууда. Бұл өңірдің археологиялық ескерткіштері құпияға толы болғандықтан, әлі де ашылмаған қырлары көп. Алдағы уақытта да жарқын жаңалыққа толы зерттеулердің куәсі болатынымызға сенімдіміз.

Арман ҚҰРМАНҒАЛИЕВ,
ҚР Ұлттық музейі
археология және этнография
бөлімінің қызметкері

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

Table with columns: ID, Surname, Name, Patronymic, Date, Description. Rows 1204-1230.

Table with columns: ID, Surname, Name, Patronymic, Date, Description. Rows 1231-1257.

Table with columns: ID, Surname, Name, Patronymic, Date, Description. Rows 1258-1284.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМДАРЫНА ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Сайлау туралы Конституциялық заң)

10-бабына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты (бұдан әрі – Мәслихат) жаңадан құрылған 32 учаскелік сайлау комиссияларының жаңа құрамдарын қалыптастыру туралы хабарлайды.

Мәслихат сайлау сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі ішінде олардың құрамына өзгерістер енгізуге құқылы.

Учаскелік сайлау комиссияларының сандық құрамын учаскенің сайлаушылар санына байланысты қаланың аумақтық сайлау комиссиясы құрады.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.

Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын кандидатураларды ұсынуға құқылы.

Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихаттар сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды.

Қалыптастырылған сайлау комиссияларына қатысты саяси партиялар, басқа да қоғамдық бірлестіктер мен олардың құрылымдық бөлімшелері және жоғары тұрғандар **2020 жылғы 24 тамыздан 10 қыркүйекке дейін** мәслихатқа келесі құжаттарды ұсынады:

1) белгіленген нысанда электрондық түрде және қағаз форматта сайлау комиссияларының құрамдарына кандидаттар туралы мәліметтер;

2) тиісті сайлау комиссияларының құрамдарына кандидаттар ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) шешімінен үзінді көшірме;

3) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесін;

4) кандидаттардың белгіленген тәртіппен сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісім беру туралы өтініштері.

Сайлау комиссияларының құрамдарына кандидаттар туралы ақпараттың нысандары, кандидаттардың сайлау комиссияларының жұмысына қатысуға келісім беру туралы өтініштері мәслихаттың **maslihat01.kz** сайтында орналастырылған.

Сайлау комиссияларының құрамдарына ұсынылған адам Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сай келуге тиіс.

Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында тұруы керек.

Сайлау туралы Конституциялық заңның 23-бабының 3-тармағында көзделген сайлау учаскелерін құру жағдайларын қоспағанда, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі бір ұйымның қызметкері болмауға тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Мәслихатқа қағаз форматта ұсынылған барлық құжаттар қол қойылған, мөр басылған және орындалған күні, орындаушының аты-жөні, инициалдары мен оның телефон нөмірі көрсетілген болуы керек.

Сайлау комиссияларының құрамдары бойынша ұсыныстарды қабылдау **2020 жылдың 10 қыркүйегіне дейін**, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 08:30-дан 18:00-ге дейін жүзеге асырылады, үзіліс 13:00-ден 14:30-ға дейін.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м.а. М. Шайдаров

Мәслихаттың орналасқан жері: Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11.

Жауапты тұлға – Төлешова Құмар Сәбитқызы, № 219 каб., қалааралық телефон коды (87172), қызмет нөмірі - 556636, электрондық пошта мекенжайы: maslihat_org@mail.ru

Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты жаңадан құрылған 32 сайлау комиссияларының құрамдарын сайлайды:

Рет №	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау комиссиясының орналасқан жері (сайлау комиссиясының мекенжайы, орналасқан ғимараты)	Сайлау комиссиясының мүшелерінің саны
Жаңадан құрылған сайлау учаскелері			
«Алматы» ауданы			
1.	№323	Нұр-Сұлтан қ., № 32 мектеп-гимназиясы, Абылай хан даңғылы, № 25/3	11
2.	№324	Нұр-Сұлтан қ., Б.Майлин атындағы № 52 мектеп-гимназиясы, Бурабай көшесі, № 38	11
3.	№325	Нұр-Сұлтан қ., Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектеп, Шарбақты көшесі, № 46	11
4.	№326	Нұр-Сұлтан қ., №44 орта мектеп, Нұрлыжол көшесі, № 8	11
5.	№327	Нұр-Сұлтан қ., №7 қалалық емхана, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 25	11
6.	№328	Нұр-Сұлтан қ., №7 қалалық емхана, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 29	11
7.	№329	Нұр-Сұлтан қ., Қазақ ұлттық өнер университеті, Тәуелсіздік даңғылы, № 50	11
8.	№330	Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Тәуелсіздік даңғылы, № 54	11
9.	№331	Нұр-Сұлтан қ., №74 мектеп- гимназиясы, Жүргенов көшесі, №29	11
10.	№332	Нұр-Сұлтан қ., №74 мектеп- гимназиясы, №86, А-98, № 20 көше	11
11.	№333	Нұр-Сұлтан қ., № 83 мектеп-гимназиясы, А.Байтұрсынұлы көшесі, № 35	11
«Байқоңыр» ауданы			
12.	№334	Нұр-Сұлтан қ., Ш. Уәлиханов көшесіндегі № 23 тірек пункті	11
13.	№335	Нұр-Сұлтан қ., дарынды жастарға арналған «Білім-инновация» лицей-интернаты, С.Сейфуллин көшесі, №59	11
14.	№336	Нұр-Сұлтан қ., дарынды жастарға арналған «Білім-инновация» лицей-интернаты, С.Сейфуллин көшесі, №59	11
15.	№337	Нұр-Сұлтан қ., Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы, А. Иманов көшесі, №39	11
16.	№338	Нұр-Сұлтан қ., № 55 орта мектеп, Ж. Досмұхамедұлы көшесі, № 2	11
«Есіл» ауданы			
17.	№339	Нұр-Сұлтан қ., «Елордалық цирк», Қабанбай батыр даңғылы, № 5	11
18.	№340	Нұр-Сұлтан қ., «Жасыл орам» тұрғын үй кешені, Е10 көше, «В1-Group» кеңсесі	11
19.	№341	Нұр-Сұлтан қ., № 75 мектеп- гимназиясы, Мәңгілік Ел даңғылы, № 28/1	11
20.	№342	Нұр-Сұлтан қ., № 75 мектеп- гимназиясы, Мәңгілік Ел даңғылы, № 28/1	11
21.	№343	Нұр-Сұлтан қ., Жекре-Жек Сағай, Қабанбай батыр даңғылы, № 43	11
22.	№344	Нұр-Сұлтан қ., Шейх Тамим бен Хамад аль-Тани атындағы №85 мектеп-лицей, Қабанбай батыр даңғылы, №56/1	11
23.	№345	Нұр-Сұлтан қ., «Байтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ, Мәңгілік Ел даңғылы, № 55а	11
24.	№346	Нұр-Сұлтан қ., №88 мектеп-лицей, «Нұр-Есіл» арнасы, №31	11
25.	№347	Нұр-Сұлтан қ., Шейх Халифа бен Заида аль-Нахаян атындағы № 84 мектеп-лицей, Ұлы Дала даңғылы, № 7/1	11
«Сарыарқа» ауданы			
26.	№348	Нұр-Сұлтан қ., № 5 отбасылық денсаулық орталығы, Қима көшесі, № 4	11
27.	№349	Нұр-Сұлтан қ., № 4 қалалық емхана, Шевченко көшесі №1	11
28.	№350	Нұр-Сұлтан қ., №60 мектеп-лицей, С. Кубрин көшесі, №21/1	11
29.	№351	Нұр-Сұлтан қ., № 9 «Зерде» мамандандырылған мектебі, Сарыарқа даңғылы, № 20	11
30.	№352	Нұр-Сұлтан қ., №72 «Жанарым» бөбекжай бақшасы, Ш. Қосшығұлұлы көшесі, №13/3	11
31.	№353	Нұр-Сұлтан қ., №52 «Еркетай» бөбекжай бақшасы, Қ.Күмісбеков көшесі, № 12/1	11
32.	№354	Нұр-Сұлтан қ., Орталық теміржол емханасы, Жеміс даңғылы, № 81	11

Нұр-Сұлтан қалалық Ардагерлер кеңесі Ұлы Отан соғысының ардагері **Алмабек Бақытбайды 95 жылдық мерейтойымен** шын жүректен құттықтайды. Зор денсаулық, жаңа ұяңызға мейірім, қуат, бақ-береке тілейді.

Нұр-Сұлтан қалалық Ардагерлер кеңесі Сарыарқа аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы **Жүнісов Иран Жүнісұлын 75 жылдық мерейтойымен** шын жүректен құттықтайды. Зор денсаулық, жаңа ұясына құт-береке, бақыт, ұзақ өмір тілейміз.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

ЖОБА

«Астана қаласының аумағындағы жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидалары туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 219/25-VI шешімінің күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына және 50-бабы 2-тармағына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Астана қаласының аумағындағы жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидалары туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы

12 желтоқсандағы № 219/25-VI шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы З.Жүнісова

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының міндетін атқарушы М.Шайдаров

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Нұр-Сұлтан қаласының Активтері және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ коммуналдық меншік объектілерін жекешелендіру бойынша 2020 жылғы 12 тамызда www.gosreestr.kz веб-порталында жарияланған, сондай-ақ 2020 жылғы 13 тамызда №95 «Вечерняя Астана» және «Астана ақшамы» газеттерінде жарияланған, өткізілуі 2020 жылғы 1 қыркүйекке жоспарланған №160977 сауда-саттықтың күші жойылғаны туралы хабарлайды.

Анықтама телефоны: 55-68-01, 55-01-68.



ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 75 жыл толуына байланысты өткізілетін іс-шаралар аясында және Қазақстан Республикасының Конституция күні қарсаңында қалалық Ардагерлер кеңесі соғыста алған жараларынан қайтыс болғандарға арналған ескерткіш пен «Отан қорғаушылар» монументіне гүл шоқтарын қойды.

Іс-шараға қалалық және аудандық Ардагерлер кеңестерінің төрағалары, қаланың белгілі азаматтары, еңбек ардагерлері, ардагерлер қозғалысының белсенділері қатысып, «Ер есімі – ел есінде» деген бастама аясында өткізді.

Қатысушылар алдында сөз алған қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансыбай Есілов: «Үстіміздегі жылы көптеген салтанатты да естелікті іс-шаралар өткізілуде. Солардың ішінде Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 75 жыл толуы ерекше атап өтілуде. Сұрапыл соғыс туралы

көптеген кітаптар, естеліктер жазылып, деректі және көркем фильмдер түсірілді. Уақыт өткен сайын аталарымыз бен әкелеріміздің ерлігі айшықтала түседі. Елорда ардагерлері, біз соғыс азабын басынан өткерген аға ұрпақ алдындағы қарызымызды өтеуге, оларды еске алуға келіп отырмыз. Бүгінгі ардагерлердің басты мақсаттарының бірі – жастарды отансүйгіштікке, рухани тәрбиелеуге ат салысу болып табылады» деді ол.

Іс-шараға қатысушылар ішінде соғыс жылдары тылдағы еңбекке араласып, зауыт, фабрикаларда, егіс даласында еңбек етіп, Ұлы жеңісті жақындатуға өз үлестерін қосқандар да болды.

Іс-шараға қатысушылар сұрапыл соғыс жылдары майданда болған, тылда еңбек еткен туған-туыстары мен жақындарын еске алды.

Қалалық Ардагерлер кеңесі

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

КӨРМЕ ЖҮЛДЕСІ – АВСТРИЯҒА САЯХАТ

» Көрме бала құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Аружан Саинның бастамасымен Қазақстан Республикасының БҰҰ қоршаған ортаны қорғау бағдарламасының дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні аясында өткізілді. Көрмеге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қолдау білдірді.



Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев конкурсқа қатысқан балаларға өз құттықтауын жолдап, олардың қозғаған барлық мәселесін шешуге үлес қосатынын жеткізді. Жақсы деп танылған сурет иелері «Жануарлар – менің достарым!» республикалық конкурсының жеңімпаздары атанды.

Байқаудың бас демеушісі «Edu Stream» компаниясының атынан бас жүлде иегері мен төрт жастағы балалар тобының бірінші орын иегерлеріне Австрияға саяхат сертификаты берілді. Барлық жеңімпаздар «Технодом», «Настоящий Буратино» компанияларынан смартфон, самокат және басқа

бағалы сыйлықтарға ие болды. Ішкі істер министрлігі конкурсқа қатысқан Жасмин Назар, Аделя Ахмед және Фатима Рызаеваға арнайы сыйлық – планшет табыс етті. Сонымен қатар қысқа бейне түсіретін «ЛИКЕЕ» ғаламдық платформасынан эссе жазған балаларға да сыйлықтар берілді.



ҰЛЫБРИТАНИЯДА ҮЗДІК ШЫҚТЫ

» Ұлыбританияда Еуразиялық шығармашылық гильдия кинофестивалінде қазақстандық автор Зәуре Төреханованың «Жібек құртының ұясы» шығармасы «Үздік сценарий» аталымы бойынша жеңімпаз деп танылды.

Еуразиялық шығармашылық гильдия кинофестивалі – Еуразиялық кинематографияның ағылшын тілді кеңістікте таралуына себепші болып жүрген байқаулардың бірі. Ол британиялық беделді Romford Film Festival кинофестивалімен ынтымақтас-тықта өткізіліп келеді.

Лондон кинотеатрында ағылшын тіліндегі 200-ден аса жұмыс, атап айтқанда, деректі, көркем, қысқаметражды кино, анимациялық фильм және басқа да жанрларда көрсетілді.

Балалар жазушысы, сценарист, бірнеше әдеби байқаулар мен сыйлықтардың лауреаты Зәуре Төрехано-

ваның кинофестивалдегі шығармасында, қазылар алқасы мүшелерінің айтуынша, сиқырлы әлем кейіпкерлерінің образдары ғажап бейнеленген.



Бейнегі суреттер Galamfordan алынды



» Қазақстандық жас әнші Данэлия Төлешова америкалық «America's Got Talent» таланттар шоуының жартылай финалына өтті.

Жартылай финалистер көрермендердің дауысы арқылы таңдалып, дауыс беруді АҚШ-тағы NBC сайты бақылады. Бірнеше қатысушы қазылар алқасынан қосымша ұпай алды. Қазақстандық 14 жасар жұлдызымыз ширек финалда Гарри Стайлздың «Sign of the Times» әнін тамаша орындап шықты. Оған көрермендер мен қазылар алқасы орындарынан тік тұрып қол соқты.

«Лос-Анджелесте менің жанымда анам және ұстазым Наталия Александровна бар. Біз сахнаға шығардың алдында қатты қо-

балжыдық. Мен академиялық педагог Гүлзат Даурбаевамен қосымша дайындалдым. Ауырып та қалдым. Бақытымызға орай, бәрі сәтті өтті. Қолдау көрсеткендеріңіз үшін алғысым шексіз. Баршаңызға рақмет! Мен қазір қандай күйде тұрғанымды сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Керемет атмосфера! Шабыттандырады екен. Мен енді келесі турға дайындаламын» деп бөлісті өз қуанышын Данэлия әлеуметтік желідегі парақшасында.

ФОТОЭТЮД



Александр КУПРИЕНКО

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – Жарқын ЖҰМАДИЛОВ

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**
Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Апталық таралымы – 15 000
Тапсырыс №99
Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Сілеті көшесі, 30.
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК
astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 703-212
Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17
Үйлестіруші: 70-33-05
Жарнама: 70-33-06

astana.akshamy@mail.ru